



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады.

Президентке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің биылғы 10 айда атқарған жұмысының нәтижелері жөнінде баяндалды.

Осы уақыт ішінде елімізде жемқорлыққа қатысты 1 500-ге жуық қылмыс тіркеліп, 1 100-ден астам адамның ісі әшкереленді. Оның 158-і — түрлі деңгейдегі басшылар.

Сотқа мыңнан астам іс жолданып, 282 миллиард тенге шығын өтелді.

Сонымен қатар агенттік төрағасы 2022 жылдан бері бюджетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне құны шамамен 857 миллиард тенге болатын мүлік активтері мен қаржы қайтарылғанын айтты.

Президентке бірқатар қылмыстық істі тергеу амалдарының барысы жөнінде мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Асхат Жұмағали Мемлекет басшысына жемқорлықтың алдын алу жұмыстары туралы есеп берді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасын жүзеге асыру аясында тапсырылу мерзімі кешіктірілген, қаржы жымқыру қаупі бар әлеуметтік нысандар құрылысына мониторинг жүргізіліп жатыр. Агенттік еліміздің барлық өңірі бойынша жалпы бюджеті 2,44 триллион теңгені құрайтын осындай 156 нысан бар екенін анықтаған.

Азаматтық қоғаммен өзара тығыз қарым-қатынас орнату арқылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы іске асырылуда. Қазір жемқорлықтың белең алуына бейжай қарамайтын 2 мыңнан астам азамат бұл бастамаға атсалысып жатыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жемқорлыққа қарсы іс-қимылды және алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған жүйелі жұмысты жалғастыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

ПАРТИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ



Мердігерлер мемлекеттік субсидияны негізсіз алады, тұрғындар жол сапасына жиі шағымданады, ал мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмысына қағаз жүзінде ғана қарайды. Осы және өзге де мәселелер Орал қаласында өткен «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің көшпелі отырысында талқыланды.

Кенес төрағасы, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров осыдан бір ай бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қоғамдық бақылау туралы» заңға қол қойғанын және бұл құжат барша азаматтың мемлекет ісін басқару-

ға араласу мүмкіндігін кеңейткенін атап өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — құқық қорғау органдарының ғана емес, бұл барша азаматтың миссиясы. Егер біз мемлекеттік органдарды бақы-

ламайтын болсақ, экономиканың жекелеген салалары немесе елдегі өзге де процестер үшін жауапкершілікті өз мойнымызға алмасақ, онда біз белсенді әрі әділ қоғам құра алмаймыз. Құзыретті органдар енжарлық танытатын болса, оларды әрдайым қамшылап отыру керек. Бүгін айтылған фактілер құқық қорғау органдары үшін әдістемелік құралға айналады. Әр факті бойынша мұқият тексеру жүргізу қажет», — деді кенес төрағасы.

3»

БІІКТІК НЕМЕСЕ «ЕСКЕРТКІШ БОП ТҰРЫП КЕТЕР МЫҚТЫЛАР!»



Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада «Бііктік» атты әдеби сазды кеш өтті. Қазақтың тұңғыш бард ақыны, композитор Табылды Досымовты еске алу кешін ақынның жары Қарлығаш Ибатова мен баласы Абыл Аяшұлы және ақынның ізбасарлары мен замандастары ұйымдастырды.

ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН!



Табиғат тосын құбылыстарға толы. Әсіресе, көкжүзіндегі ерекше құбылыстар адамзатқа қашанда жұмбақ, қашанда қызық. Кеше, қарашаның 5-інен 6-сына қараған түні қазақстандықтар республиканың солтүстік, шығыс және орталық аймақтарынан теріскей шұғыласына куә болды.

ТАЗЫ ЖЕТЕКТЕГЕН ТАРЛАН

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев талантымен әлемді мойындатқан әнші ұлымыз Димаш Құдайбергенге тазы күшігін тарту етті. Өнші бұл қуанышы туралы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Достар, танысып қойыңыздар, бұл — менің жана досым. Табиғаттың бұл ғажабын, яғни тазы күшігін маған Қасым-Жомарт Кемелұлы сыйлады.

Тазы — біздің ұлтымыз үшін құндылық, бабадан қалған «Жеті қазынаның» бірі. Қазіргі күні Қазақстанда тазыны сақтап қалуға және халықаралық дәрежеде мойындауға баса көңіл бөлініп жатқаны қуантады. Себебі бұл қазақы тұқым тән сұлулығымен, ұстамдылығымен ерекшеленеді және менің байқауымша, өте ақылды келеді. Ата-бабамыз тазыны кастерлеп, жақсы көрген. Бұл ит киіз үйге еркін кіре алған, бұл оның тазалығын білдіреді. «Тазы» атауы парсы тілінен енген, мағынасы — «шапшан», «епті».

Осындай баға жетпес сыйлық үшін Президентімізге алғыс айтамын! Тазының атын «Ғарышкер» деп аталдық», — деп жазды ол өз парақшасында.

Президенттің сыйлығына Димаштың ерекше қуанып, риза болғанын айта кеткен жөн. Жалпы, қазақтың тазы тұқымын әлемдік деңгейде насихаттауға Димаштың үлкен үлес қосары сөзсіз. Жер-

жаһанды жауһар өнерімен тәнті еткен күміс көмей, жез таңдай дарынды ұл ұлтымыздың дәуірлерден жеткен құндылықтарын дәріптей түсіп, дүниежүзіне даңқын жаймақ. Бұл да болса Мемлекет басшысы айтып жүрген креативті индустрияның бір үлгісі деп бағалауға болады. Димаштың бұл қуанышына халық та қуануда. Оны осы жаңалыққа жазып қалдырған тілектес комментарийлерден көруге болады. Желі қолданушыларының бірі: «Бұл жерде Димаш қолға алған іс нәтижесін беретінін ескеріп, дүниежүзіндегі беделін пайдаланып, қазақтың тазысын да жарнамалап, танытсын деген Президенттің ішкі ойы бар деп есептеймін. Сондықтан бұл мемлекеттік тапсырма деп қабылдап, Димашжан қазақтың тілі, домбырасы, өнері мен бірге тазысын да, әдет-ғұрпын да насихаттайтын болады» деп жазса, енді бірі: «Қазақ «құмай тазысы» алғыр келеді. Еліміздің осы тазысына таласып жүргендер көп. Сондықтан Димаштың ұлттық құндылықтарымызды әлемге паш еткені керек. Дұрыс сыйлық! Құтты болсын!» деп тілегін білдірген.

ХАЛЫҚ ТАҢДАҒАН ҚЫРЫҚ БЕС

Өткен жексенбіде, 5 қарашада ел тарихында алғаш рет аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау өтті. Президенттің бастамасымен қолға алынған аудан-қала әкімдерінің тікелей сайлауы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыруға бағытталған саяси реформалар процесінің маңызды кезеңі саналады. Ол сондай-ақ азаматтардың жергілікті биліктегі шешім қабылдауға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Себебі халық сайлаған әкім елдің үніне құлақ түреді, өз сайлаушыларының ұстанымын басшылыққа алуға тиіс.

НАУҚАН ҚАЛАЙ ӨТТІ?

Орталық сайлау комиссиясы аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлаудың қорытындыларын шығарды. Бұл сайлау пилоттық режимде өтіп отыр. Яғни, ол әзірге еліміздегі барлық аудан-қаланы жаппай қамтыған жоқ. Ізашар бастама аясында жергілікті жұртшылықтың өкілдері ретінде облыстық мәслихат депутаттарына әр өңірдегі тұңғыш сайлау өтетін елді мекендерді өз бетінше тандауға мүмкіндік ұсынылды.

Нәтижесінде, облыстардың мәслихаттары осы сайлауды өткізу үшін пилоттық 42 аудан мен 3 облыстық маңызы бар қаланың тізбесін бекітті.

Тарихта қалатын бұл науқанның жүгі жеңіл емес еді. Оны ұйымдастыруға 1 553 сайлау ко-



миссиясы жұмылдырылды. Оның арасында 17 облыстық, 3 қалалық, 42 аудандық және 1 491 учаскелік сайлау комиссиясы бар.

Сайлауға дайындық аясында, сайлау комиссияларына құқықтық, әдістемелік және ұйымдастырушылық көмек көрсету үшін

төрағасының өзі бастап, Орталық сайлау комиссиясы өңірлерді аралады. Жаппай елге таратпас бұрын пилоттық жобаны жетілдіріп, практикалық кейстерді пысықтай түсу үшін түрлі ұсыныс, тілектер жинады.

(Жалғасы 4-бетте)

АХУАЛЫҢ ҚАНДАЙ, АНИМАЦИЯ?

Анимация — суреттерге жан бітіретін өнер түрі. Бұл өнер соңғы жылдары кенжелеп қалды. Көрермен тек шетелдік мультфильмдердің аудармасын ғана тамашалап отыр. Ал отандық өнім ара-тұра қылаң бергені болмаса, көптеп түсіріліп жатқаны байқалмайды. Анимация ауылында жүргендер де бірен-саран ғана. Бұл жанкешті жандардың еңбегі неге көп көрінбейді? «Мүзбалақ» пен «Күлтегіндей» мультфильмі сияқты көрермен көзайымына айналар дүние бар ма? Бұған мамандардың көзқарасы қандай?

5»



Global Faith
Leaders Summit
Abu Dhabi 2023



СЕНІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ДИАЛОГ

Парламент Сенатының Төрағасы – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Абу-Даби қаласында өткен «Сенімдердің тоғысуы: рухани лидерлердің жаһандық жаңғыру жолында бірігуі» атты халықаралық конференцияға қатысты. Сондай-ақ ол сапар барысында Біріккен Араб Әмірліктері Федералды Ұлттық кеңесінің төрағасымен кездесті.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде бүгінгідей геосаяси тұрақсыздық жағдайында және халықаралық ұйымдардың жұмыс тиімділігі төмендеген кезеңде аталған конференцияны өткізудің маңызды екенін айтты.

«Таяу Шығыста және басқа да аймақтарда қакты-ғыстар ушығып тұрған кезде рухани лидерлердің кездесіп, сұхбат құруы өзара түсіністік пен құрметке негізделген диалогті дамытуға үлкен үлес қосады. Қазір әлем үшін дін көшбасшыларының жасаппаз рөлі аса қажет. Осы орайда бүгінгі конференция барша халықтың игілігі үшін және ортақ сын-кәтерлерді еңсеру жолында шынайы ынтымақтастықты дәріптейді. Мұндай кездесулер конфессияаралық диалогті нығайтып, әлемді алаңдатып отырған өзекті проблемаларды шешудің тиімді жолдарын іздеуге ықпал етеді деп сенемін», — деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев бұл форум Қазақстан өткізіп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің миссиясымен көптеген аспект бойынша үндесетінін айтты. Қазақстан дінаралық диалогтің белсенді қатысушысы екенін де тілге тиек етті. Сондай-ақ ол қазан айында Астанада өткен съезд хатшылығының отырысында қабылданған съезді 2033 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасының негізгі тармақтарына кеңінен тоқталып өтті.

«Біздің съезд алдағы жылдарда ең өзекті проблемаларды шешу үшін дін лидерлерінің күш-жігерін және рухани дипломатияның жасаппаз әлеуетін тиімді пайдалануды мақсат тұтып отыр. Әлемдік рухани көшбасшылар бірлесе отырып, адамзат алдында тұрған экзистенциалды түйткілдерді шешуге айтарлықтай үлес қоса алады. Оның ішінде климаттық сын-кәтерлерді еңсеру, кедейлік пен тенсіздікті төмендету, экстремизмге қарсы күрес, қактығыстарды тоқтату сияқты маңызды мәселелер бар», — деді Мәулен Әшімбаев.

Айта кетейік, аталған конференцияны Мұсылман ақсақалдар кеңесі COP28 Президенттігімен, Қасиетті Такпен, БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасымен бірлесіп ұйымдастырып отыр. Сондай-ақ бұл іс-шара алдағы COP28 Климаттық конференциясы аясында өткізілуде. Сондықтан жаһандық экологиялық мәселелерді шешуге дін көшбасшыларын жұмылдыру мәселесі конференцияда талқыланған негізгі тақырыптардың бірі болды.

Осыған орай Мәулен Әшімбаев климаттың өзгеруіне байланысты халықаралық деңгейде атқарылып жатқан жұмысқа Қазақстанның қосқан үлесі туралы айтып берді. Ол біздің еліміз Париж келісімін алғашқылардың бірі болып ратификациялағанын, сондай-ақ 2060 жылға қарай көміртегі ізін азайту және көміртегі бейтараптығын қамтамасыз ету саясатын жүзеге асырып отырғанын атап өтті. Сенат Спикері Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясында осы салада нақты баста-

малар ұсынғанына да назар аударды. Олардың ішінде Алматыда БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі және жасыл энергетика жөніндегі өңірлік кеңсесін ашу мәселесі бар екені белгілі.

Конференцияға түрлі діни конфессия лидерлері, сарапшылар қауымдастығының өкілдері, ғалымдар, саяси қайраткерлер және белсенді жастар қатысты.

Сондай-ақ сапар кезінде Мәулен Әшімбаев әріптесі — Біріккен Араб Әмірліктері Федералды Ұлттық кеңесінің төрағасы Сакр Әл-Гобашпен кездесті. Сұхбат барысында тараптар Қазақстан мен БАӘ арасындағы парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту перспективасын талқылады. Сенат Спикері екі елдің байланысы тату және стратегиялық серіктестік қағидаттарына негізделгенін, мемлекет басшыларының тұрақты және достық қарым-қатынасының арқасында жоғары деңгейдегі ынтымақтастыққа қол жеткізілгенін атап өтті.

Одан бөлек, Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда іске асырылып жатқан ауқымды өзгерістерге тоқталды. Бұл ретте экономикалық дамудың жана үлгісін қалыптастыруға ерекше назар аударылып отырғанына баса мән берілді. Осыған байланысты Сенат Төрағасы алдағы кезеңде екі елдің Парламенттері арасында заң шығару саласындағы өзара іс-қимылды одан әрі дамытуға мүдделі екенін білдірді.

Сонымен бірге Мәулен Әшімбаев халықаралық форум алаңында Қасиетті Тактың Мемлекеттік хатшысы Кардинал Пьетро Паролинмен кездесті. Онда рухани дипломатияны дамытудың маңыздылығы талқыланды. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Рим Папасы Франциск пен Қасиетті Такка VII Съезге арнайы қатысқаны және қазақстандық діни форумның бастамаларын белсенді қолдап, дәріптеп келе жатқаны үшін алғыс білдірді.

«Біз Қасиетті Такпен қарым-қатынасымызды жоғары бағалаймыз. Былтыр Қазақстан мен Ватикан арасындағы дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толғанын атап өттік. Осы жылдар ішінде біз өзара түсіністік пен сенімге негізделген сындарлы диалог орнаттық. Рим Папасы Францисктің біздің елге Апостолдық сапары Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін маңызды оқиға болды. Біз бейбітшілік, сенім және диалог мәдениетін дәріптеу жолында өзара ынтымақтастықты одан әрі дамытуға әрдайым дайынбыз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Бұдан басқа, Мәулен Әшімбаев Дүниежүзілік шіркеулер кеңесінің Бас хатшысы Джерри Пиллэймен кездесті. Тараптар 2023-2033 жылдарға арналған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезін дамыту тұжырымдамасын талқылады. Қазақстан Сенатының Спикері дінаралық диалогті дамыту және адамгершілік құндылықтарды нығайту бойынша бірлескен күш-жігерді әрі қарай жандандырудың маңызды екеніне ерекше назар аударды. Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев түрлі халықаралық және діни ұйымдардың өкілдерімен де бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Кездесуе қатысушылар этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жоғары бағалады. Олар осы бағыттағы жүйелі жұмысы үшін Қазақстан басшылығына алғыстарын білдірді.

ҮШ КҮННЕН СОҢ ТАБЫЛДЫ

Алматы қалалық ТЖД-ның мәліметінше 4 қараша күні сағат 17:43-те 1971 жылы туған ер адамнан «Аюсай-3» сарқырамасы аумағында адасып кеткені туралы хабарлама түседі. Ол: «қаланы биіктен көріп тұрмын, алайда тік беткейден өздігімнен түсе алмай тұрмын» деп көмек сұраған.

«Хабарлама түскен соң іздестіру-құтқару жұмыстарына Үлкен Алматы көлі бақылау-құтқару бекетінде орналасқан «109» құтқару қызметінің құтқарушылары, ТЖМ Республикалық жедел-құтқару жасағының жедел тобы тауларға іздестіру жұмыстарына жіберілді. Оның ішінде кинологтер де болды. «Аюсай» шатқалына жеткен соң құтқарушылар «Аюсай» шатқалының барлық үш сарқырамасын зерттеді», — деп хабарлады ТЖД-да.

ТЖМ Қазавиақұтқару авиаборты тез арада дайындыққа келтірілгенімен, күрделі рельеф пен қалың өсімдіктер беткейлерде қозғалысты байқауға мүмкіндік бермеген. Осыған орай ТЖД-ның дрондары мен командалық-штабтық көлігі жұмылдырылды.

«6 қараша күні (дүйсенбі) сағат 09.58-де Бостандық ауданы «Аюсай» шатқалы үшінші сарқырамадан жоғары жерде еріктілер ер адамды көреді. 1971 жылы туған ер адамның алдынан шығып, оны тасымалдау үшін 109 құтқару қызметінен 11 адам, ТЖМ РЖҚЖ-дан 12 адам «Космостанция» тарапынан барады.

6 қарашада іздестіру-құтқару жұмыстарына барлығы — 71 адам, 5 кинологиялық есеп, 10 бірлік техника, 4 ҰҰА жұмылдырылды», — деп хабарлады ТЖД-ның баспасөз қызметі.



«ДАМУ» БАСТАҒАН БАСТАМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында кәсіпкерлік саласын дамыту бағытын назардан тыс қалдырған емес.

Наурызбек САРША

Ол өз сөзінде экономикалық саясаттағы кәсіпкерлердің рөлін атай келе: «Экономика мен еңбек нарығының қозғаушы күші — шағын және орта кәсіпкерлік болуы тиіс», — деді. Осы ретте мемлекеттің кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі саясатын жүзеге асыра отырып, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы бизнеске, оның ішінде кәсібін жаңа ашқандарға мемлекеттік қолдау көрсетудегі жұмысын белсенді жалғастыруда. Қор құрылған кезден бастап Қазақстан бойынша жалпы несие сомасы 11,4 триллион теңге болатын 197 мыңға жуық бизнес жобаны қолдаған.

Кәсіпкерлікті ынталандыру ел экономикасы дамуының серпінді ілгерілеуіне ықпал етеді. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетудің нәтижесінде отан-



дық тауарлар мен қызметтер өндірісі дамып, халықты жұмыспен қамту саны артып, тауарлар импорты азая бастағаны байқалады.

Осыған байланысты «Даму» қоры бұқаралық акпарат құралдарының өкілдерін тарта отырып, Астана қаласы бойынша мемлекеттен қолдау алып, бүгінде сәтті жұмыс істеп, ел экономикасын дамытуға үлес қосып жүрген кәсіпорындарда баспасөз турын ұйымдастырды.

«Даму» қоры Астана қаласы филиалының басшысы Светлана Назарюк кәсіпкерлікті дамыту қоры екінші деңгейлі банктер арқылы жеңілдікпен кредиттеу, бизнесті дамытуға бөлетін кредиттің сыйақы мөлшерін субсидиялау, банк алдындағы кепілзаты жетпеген жағдайда жартылай кепілдеме беру қызметі кіретінін атап өтті.

«Кәсіп бастайтын және кеңейтетін іскер азаматтарды тиімді шарттармен қолдап, экономиканы әртараптандыруға, өнім шығаратын кластер құруға, жоғары технологиялық өндіріс дамытуға үлес қосамыз. Астана қаласы әкімдігінің демеуімен шағын және орта кәсіпкерлік ілгерілеп, кәсіпкерлер қолдау шараларын сезінуде. Сондай кәсіпкерлік нысандарының жұмысымен танысамыз», — деп пресс-турдың негізгі мақсатымен таныстырды.

Елордада бизнесті қолдау және дамыту бағдарламасы іске қосылғалы кәсіпкерлердің 7,6 мың жобасын субсидиялауға 759,8 миллиард теңге қаралды, ал 4,4 мың жобаны кепілдендіруге 68,2 миллиард теңге бөлінді. Бұл — өте ауқымды әрі маңызды көрсеткіш. Өйткені өткен қолдау тапқан жобалардың

арқасында қаншама жұмыс орны құрылып, бас қаланың қазынасына түсетін салық мөлшері артқаны анық.

Алдымен өндіріс аумағында орналасқан «АРКО ГРУПП 2011» ЖШС-ның өндірістік цехына барып, нарыққа сусабын түрлерін шығаратын өндіріс орнымен таныстық. Компания басшысы Аслан Смаилов өндірісте 7 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырғанын айтты.

«Жұмысшылар 300-500 мың аралығында жалақы алады. Компанияның жылдық тауар айналымы — 400 миллион теңге. Біздің өнім ассортиментіне 20-дан астам тауар атауы кіреді. Олар: жуу және тазалау құралдары, сұйық крем-сабын, кір жуғыш ұнтақтар, мата жұмсартқыштар, сондай-ақ автохимия. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорынан жеңілдік алып, кәсіпті кеңейтіп, өзіміздің өндірістік базамызды құрдық. Істі қолға алған жылы First Heartland Jusan Bank арқылы 21 пайызбен қарыз алдық. Әрине, екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлерді кредиттеуі маңызды. Бірақ пайыздық ставкасының жоғары болуы көп кәсіпкерлерге өте ауыр болады. Сосын «Даму» қорына жүгініп, 15 пайызын субсидиялауға мүмкіндік алдық. Өндірісті кеңейту үшін Halyk Bank-

тен кредит алдық. Мұны да қордың субсидиялауына жүгіндік. Сөйтіп, «Даму» арқылы дамудың жолын тауып келеміз. Ендігі мақсат — өндірісті автоматтандыру. Бұл бойынша да қорға арқа сүйейміз», — дейді серіктестіктің директоры.

Одан кейін Астана қаласында өндіріске керекті бетперде шығаратын алғашқы компания MFA International ЖШС жұмысымен таныстық. Жылдық қуаты 11 миллион дана бетперде шығарады. 20 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр екен. Әлемде MeltBlown фильтрімен бетперде шығаратын санаулы өндіріс орны саналса, соның бірі аталған компания. Компанияның коммерциялық директоры Ерсултан Бурхановтың айтуынша, FFP1, FFP2 және FFP3 класындағы өнеркәсіптік және медициналық респираторды шығарады. Яғни, әртүрлі сүзгісі бар, әртүрлі қауіп санаты үшін тыныс алу органын қорғау құралын өндіреді. Бұл бетперделерді медицина қызметкерлері, кеншілер, металлургтер, автокөлік жүргізушілері мен цементшілер жиі қолданады.

Келешекте кәсіпорын толық қуатпен жұмыс істесе, жасанды интеллект компонентін қосуда ізденіс жасауда екен.

Қорыта айтқанда, кәсібін өрге домалатамын немесе кәсіп ашамын деген әрбір кәсіпкерге мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек түрі өте көп. Ал осы мүмкіндіктерді құр жібермей, тиімді пайдалана білу әр кәсіпкердің қаперінде болуы тиіс. Сонда ғана ұтымды кәсіпкерлік құрылып, ел экономикасы айтарлықтай алға жылжитыны сөзсіз.

ҚЫЗЫЛША ЖҰҚТЫРҒАНДАР КӨБЕЙДІ



Түркістан облысында наурыз айынан бүгінгі күнге дейін қызылшаға күдікті 984 жағдай тіркелген. Оның 360-ның диагнозы зертханалық және клиникалық түрде расталып отыр.

Түркістан облысы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Бахтыораз Елемесовтің айтуынша, қазір өңірде инфекцияның жоғары тіркелуі жалғасып жатыр. Әсіресе, балабақшалар мен мектептерде аталған дертті жұқтырып жатқандар көп.

«Науқастардың барлығында дерлік инфекция ЖРВИ симптомдарымен, яғни дене температурасы 39-40С дейін жоғарылауы, құрғақ жөтел, көздерінің жасаурауы, ісінуі, жалпы әлсіздік, төбетінін жоқ болу

белгілерімен басталған. Науқастардың бас және бет бөліктеріне, денелеріне дақты-папулезді бөртпелер шығуда», — деді Бахтыораз Елемесов.

Мамандардың айтуынша, өңірде қызылша жұқтырғандардың 88 пайызын 14 жасқа дейінгі балалар құраған. Әсіресе, араларында 4 жасқа дейінгі бүлдіршін көп. Осыған байланысты облыс аумағында қызылша аурушандығының алдын алу, эпидемиологиялық жағдайды бұдан әрі тұрақтандыру мақсатында өңірдің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық қызылшаға қарсы іс-шаралар туралы» қаулысы шықты. Қаулы бойынша қызылшаға қарсы егу мәртебесіне қарамастан, 6 айдан бастап 10 ай 29 күнге дейінгі, 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балаларға қосымша жаппай иммундау жүргізіледі.



ПАРТИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Мердігерлер мемлекеттік субсидияны негізсіз алады, тұрғындар жол сапасына жиі шағымданады, ал мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмысына қағаз жүзінде ғана қарайды. Осы және өзге де мәселелер Орал қаласында өткен «АМАНАТ» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің көшпелі отырысында талқыланды.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров осыдан бір ай бұрын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қоғамдық бақылау туралы» заңға қол қойғанын және бұл құжат барша азаматтың мемлекет ісін басқаруға араласу мүмкіндігін кеңейткенін атап өтті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес — құқық қорғау органдарының ғана емес, бұл барша азаматтың миссиясы. Егер біз мемлекеттік органдарды бақыламайтын болсақ, экономиканың жекелеген салалары немесе елдегі өзге де процестер үшін жауапкершілікті өз мойнымызға алмасақ, онда біз белсенді әрі әділ қоғам құра алмаймыз. Құзыретті органдар енжарлық танытатын болса, оларды әрдайым камшылап отыру керек. Бүгін айтылған фактілер құқық қорғау органдары үшін әдістемелік құралға айналады. Әр факті бойынша мұқият тексеру жүргізу қажет», — деді кеңес төрағасы.

Осылайша, кеңес 2021—2022 жылдардағы және өткен 9 айдағы өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысының жай-күйін зерделеді. Есепті кезеңде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 186

ғындары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және өзге де мәселелер бойынша жыл басынан бері 1 000-нан астам ұсыныс білдірді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында квазимемлекеттік сектордың барлық 325 субъектінде комплаенс-қызметтер енгізілді», — деді ол.

Бұдан соң партиялықтар сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын нақты фактілерді талқылауға көшті. Кеңестегі жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Абзал Құспан 2021 жылы сәуірде Теректі ауданына қарасты Подstepное ауылында 255 млн теңгеге үш қабатты тұрғын үй салу жоспарланғанын және ол 8 айда салынуы тиіс болғанын атап өтті. Алайда аталған баспана осы уақытқа дейін пайдалануға берілген жоқ.

«Теректі ауданы әкімдігі тарапынан әлеуметтік инфрақұрылымның құрылыс-монтаждау жұмысына бақылау жүргізілмейді. Сонымен қатар құрылыс сапасында кемшіліктер бар. Сатылымға қойылған жер учаскелері бойынша бөлжетке каражат аудармау фактілері де орын алды. Мысалы, былтыр модульді бордақылау пунктіннің құрылысына жер жалдау құқығын аукцион арқылы сату нәтижесінде аудандық жер қатынастары бөлімі мен «Айлин-Тор» ЖШС арасында 2 млн теңгеден астам сомаға келісімшарт жасалды. Алайда аталған жауапкершілігі шектеулі серіктестік 153 мың теңге көлеміндегі кепілдік депозиттен басқа ешқандай төлем жасаған жоқ. Ал аудандық жер қатынастары бөлімі төлем кешіктірілгені үшін айыппұл өндіріп алу бойынша шара қабылдамады», — деді халық қалаулысы.

Бұл ретте, кеңес төрағасының орынбасары Ғалым Байтоқ

жауапкершілік арқалауы тиіс. Себебі олардың кесірінен мемлекет қосымша тендер жариялан бері 1 000-нан астам ұсыныс білдірді. Мысалы, былтыр «Ақжар» қосалқы стансасында кемшіліктер Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет араласқаннан кейін ғана жойылды. Бірнеше жылдан бері Чапай—Жанақала—Сайқын» тасжолын қайта жаңғырту жұмысы аяқталмай отыр», — деді Дидар Смағұлов.

Кеңес мүшелері қалааралық тасымалдаумен айналысатын автобус компаниялары үшін өңір бюджетінен бөлінетін негізсіз субсидияларға жеке тоқталды.

«2021 жылы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы «Қазақстан Елім» ЖШС-не 20 млн теңге көлемінде негізсіз субсидия төледі. Өзге де бірқатар компания облыс әкімдігіне бағытталған жолаушылар және жүк тасымалы қызметіне бюджеттен 8,4 млн теңге сомасына негізсіз субсидия алды. 2022 жылы қаңтарда «Лидер Электро Сервис» ЖШС көрсетілген қызмет туралы құжат болмауына қарама-

сы, шамамен 19 млн теңге алды», — деді Абзал Құспан.

Жиын соңында Ерлан Саиров бірқатар лауазымды тұлғаны сыбайлас жемқорлыққа жол бергені, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жүргізуге және партияның саясатына бағдарламасын жүзеге асыруға қағаз жүзінде ғана қарағаны үшін партиялық жауапкершілікке тартуды ұсынды.

Атап айтқанда, Орал қаласы әкімінің орынбасары Мирболат Нұржанов, облыстық Жер қатынастары басқармасының басшысы Нұржан Максотов сөгіс түрінде партиялық жазаға тартылды.

Берік БЕК

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Шымкент қаласының жаңа әкімі Ғабит Сыздықбеков шаһардағы құрылыс жұмыстарымен танысып, сапасын қадағалауды қатаң бақылауда алды.

Осыдан бір ай бұрын құрылыс жүріп жатқан жаңа әуежай терминалына барған қала басшысы ондағы бірқатар олқылықтарды жоюға тапсырма берген болатын. Жуырда осынау нысанға қайта келіп, бір ай бұрын берген тапсырмалардың орындалу барысы мен жұмыс қарқынын бақылап қайтты. Шаһар басшысы сала мамандарымен кездесу кезінде әрбір нысан құрылысы белгіленген мерзімде тапсырылып қана қоймай, сапалы шығуға тиіс деп шегеледі.

Жалпы, жолаушылар терминалы құрылысының 1-кезеңі аяқталып, шатыры монтаждалған. Касбеті жаңғыртылды. Сонымен қатар жаңа әуежайға инфрақұрылым жүйелерін тарту жұмыстары кестеге сай жүргізілуде. 800 адамды жұмысқа тартқан. Жаңа терминалдың жаппы ауданы 40 800 шаршы метр болады. 24 эскалатор, 2 трафик, 24 жеделсаты, заман талабына сай келетін 4 галерея қарастырылған. Барлығы жеке инвестор есебінен салынуда.

Аэропортта жолаушы өткізу қабілеті сағатына 200 адам болса, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін бұл көрсеткіш еселеніп, 2 000 адамға артады.

Бүгінде перрон құрылысын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы берілген. 6 гектар аумақта тиісті жұмыстар атқарылуда. Әуежай құрылысының 2-кезеңі 2024 жылы аяқталып, ел игілігіне беріледі деген жоспар бар.

Шымкент қаласының энергетикалық әлеуетін 2025 жылға дейін даму шапарына сәйкес, электр қуатын таратушы 6 қосалқы станса салу жоспарланған. Соның бірі — «Ақжар» қосалқы стансасы. Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков «Ақжар» қосалқы стансасының да құрылыс жұмыстарымен танысты. Жауапты мердігермен кездесіп, бірқатар мәселені талқылады.

Осыдан төрт жай бұрын құрылысы басталған нысанның жалпы аумағы 732 шаршы метрді құрайды. Қазіргі кезге дейін 13,6 шақырымға кабель тартылған.

Стансаға 110 кВ-тық трансформатор, «Забадам» қосалқы стансасынан «Ақжар» қосалқы стансасына дейін ұзындығы 15,2 шақырымды құрайтын 110 кВ-КЛ жабдықтары орнатылмақ. Жоспар бойынша нысан құрылысы 2024 жылдың сәуір айында аяқталады. Жаңа қосалқы станса іске қосылғанда 50 мыңға жуық халық және сол аумақтағы бизнес объектілері сапалы электр қуатымен қамтылады.

Қала әкімі құрылысты аралау барысында тиісті басқарма басшыларына бірқатар тапсырма жүктеп, жұмыстың мерзімінде орындалуын қадағалауды тапсырды.

Үшінші мегаполистегі стратегиялық маңызы бар нысандардың да құрылысы қарқынды. Қала әкімі Ғабит Әбдімәжитұлы Сайрам шағынауданында салынып жатқан және әкімшілік-іскерлік орталығындағы құрылысы біткен деполардың жұмысын көрді.

Әкімшілік-іскерлік орталықтағы нысан заманауи құрылыстармен және халықаралық стандарттарға сай техникамен жабдықталған. Құрылысы толығымен аяқталып отыр. 4 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосында қызметкерлердің нәтижелі жұмыс істеуіне әрі тынығып, демалулары үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін ыңғайлы қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар қарастырылған. Сыртқы аумақта кәсіби дағдыларын машықтандыруға арналған оқу-жаттығу мұнарасы, спорт алаңдары да бар.

Ал Сайрамдағы депо жұмысы 30 пайызға орындалған. Мұнда да қойма, оқу жаттығу мұнарасы, жүгіру жолағы, автотұрақ қарастырылған. Озық үлгіде жабдықталатын ғимаратта өрт сөндіру көлік үй-жайлары, әкімшілік кабинеттер болмақ. Нысан құрылысы келесі жылға өтпелі.

Қала әкімі ғимараттарды аралау барысында жауапты басқарма басшыларына әрбір жұмыстың сапалы атқарылуын және мерзімінде аяқталуын нықтап тапсырды. Айта кетейік, жаңа депо өрт сөндіру бөлімшелерінің жеделдігі мен ұтқырлығын арт-



тыруға және материалдық залалмен адам шығынын азайтуға айтарлықтай мүмкіндік бермек.

ЖҰМЫСТЫ ТИЯНАКТЫ ӘРІ ӘДІЛ ІСТЕУ КЕРЕК

Ал Сайрам тұрғын алабындағы №10 колледжінің құрылыс жұмысындағы өрескел кемшіліктерді байқаған қала басшысы құрылысқа жауапты сала басшыларын қатты сынға алды. Халық игілігі үшін жұмысты тиянақты әрі әділ істеу керектігін баса айтты. Жауапты мердігер мекеменің басшысы кеткен қателікті мойындап, тез арада ретке келтіруге уәде берді.

Айта кетсек, мұнда 300 орындық оқу корпусының құрылысы жүргізілуде. Корпуса 200 орындық асхана мен АКТ залы және спортзал блогі қарастырылған. Қазір құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Желтоқсан айында пайдалануға берілуі керек.

Сондай-ақ құрылысын бақылаған нысандардың бірі — Сайрам тұрғын алабындағы №12 спорт мектебінің қосымша корпусы. Екі ауысымда жұмыс істейтін нысанның әр ауысымында 147 адам оқу-жаттығумен айналыса алады. Жобаға сәйкес ғимараттың жергелесінде пауэрлифтинг, ауыр атлетика оқу-жаттығу залдары, киім ауыстыру, жуынатын орын, бапкерлер мен төрешілер бөлмелері қарастырылған. Бірінші қабатта вестибиль-фойе, киім бөлмесі, 18 орындық асхана, 210 орындық әмбебап спортзал, медпункт болады. Ал екінші қабатында демалыс орны, бөкс, күрес, бадминтон оқу-жаттығу залдары орналасады. Бүгінде нысанның құрылыс-монтаж жұмыстары 72 пайызға орындалған. Құрылыс келесі жылға өтпелі.

Сондай-ақ қала басшысы аталған тұрғын алаптағы №10 колледждегі құрылыс жұмысын бақылады. Мұнда 300 орындық оқу корпусының құрылысы жүргізілуде. Корпуса 200 орындық асхана мен АКТ залы және спортзал блогі қарастырылған. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстары 95 пайызға орындалған. Құрылыс жұмыстары желтоқсан айында аяқталып, пайдалануға беріледі.

Қала әкімі жауаптыларға ғимараттардың құрылысын жобаға сай жүргізіп, нысандарды өндірістік кестеге сәйкес қолданысқа беруді тапсырды.

Сайрам тұрғын алабындағы 3 кезең бойынша жүргізіліп жатқан сапалы ауызсу құбырының құрылысы да жергілікті билік назарында. Қазіргі таңда аталған құрылыстың екі кезеңі бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Екі кезеңде 99,5 шақырым ауызсу құбыры тартылуы қажет. Бүгінде жұмыстың 83 пайызы аяқталған. Құрылыс жұмыстары біткен соң, 6 860 абонент сапалы ауызсумен қамтамасыз етіледі.

Жалпы, ауызсу жүйелерінің ұзындығы 100,9 шақырымды құрайды. Үшінші кезең аяқталғаннан кейін 10 965 абонент ауызсу жүйесіне қосылады. Құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін толық бітіру жоспарланған. Құрылысты «Мелиоратор» ЖШС мердігер мекемесі жүргізуде. Қала басшысы жауаптыларға құрылысты сапалы аяқтап, мерзімінде атқару бойынша тапсырма жүктелді. Қалада биыл сапалы ауызсумен толық қамту мақсатында 6 нысанға су құбырларын тарту жұмыстары кезең-кезеңімен іске асуда. Нәтижесінде, жыл қорытындысымен 72 мыңнан астам адам орталықтан-дырылған ауызсу жүйесіне қосылып, көрсеткіш 98,5 пайыздан 100 пайызға жетпек.

САПАҒА МӘН БЕРГЕН АБЗАЛ

Статистикаға сәйкес, Шымкент қаласы — автокөлік көбеюі

жағынан елімізде көш бастап тұрған қалалардың бірі. Осы мәселе орай, соңғы жылдары қалада жол құрылысы бұрын соңды болмаған қарқынмен дамуда. Биыл Шымкентте орталық магистрал және ішкі орам көшелеріне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу 245 көшеге жоспарланған. Бүгінде 172 көшеде жұмыстар аяқталып, тұрғындар игілігін көруде. Жалпы, Шымкент қаласының дамуы жолында жол инфрақұрылымы мен көлік саласын өркендету міндеттеріне үлкен жауапкершілік жүктелген. Шымкент қаласы бойынша жолдардың жалпы ұзындығы 3 247,6 шақырымды құрайды. Жыл соңына дейін жолдың жақсы және қанағаттанарлық жағдайын 71,2 пайызға жеткізу мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Айта кетейік, көлік саласы бойынша 2020 жылы қалалық махликат пен Шымкент қаласының жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасы бекітіліп, схемаға сәйкес, 77 маршрутты құрайтын жаңа маршруттық желісі әзірленген. Маршруттық желісімен 6 ХАБ, 33 жеткізуші, 39 магистралды және 6 айналыма маршруттары қаралған. Бүгінде маршруттар толығымен қызмет көрсетуде. Қала аумағындағы, сонымен қатар шет аймақтарда орналасқан барлық шағынаудандары мен тұрғын алаптары қоғамдық көліктен 100 пайыз қамтылған.

Шымкентте қоғамдық көліктердің жол ақысы үш жыл бұрын қымбаттаған болатын. Бүгінде қоғамдық көлік жолақысы 70 теңге және бұл — республика бойынша ең арзан тарифтілік көрсеткіш. Қазір қоғамдық көліктердің жолақысын көтеру мәселесі қаралып жатыр.

Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков жол құрылысы нысандарын аралап, жұмыс барысымен танысты. Бүгінде бас жоспарға сай салынып жатқан Қонаев даңғылының жалғасында құрылыс қарқынды жүргізілуде. Бұл құрылыс Бадам көпірінен оңтүстік бағытқа қарай 4,7 шақырымды құрайды. Қазір 2,8-4,7 шақырымдар аралығында жол негіздері салынып, асфальтобетон жабындысының төменгі қабаты жүргізілген. Сонымен қатар мұнда инженерлік желілер жобаса сәйкес қайта орнатылды.

Құрылыс жұмыстары Бадам өзені арқылы өтетін көпірден Саттарханов көшесіне дейінгі аралықта жалғасуда. Аталған жол бөлігін көлік қозғалысына 5 қарашаға дейін ашу жоспарланып отыр.

Бүгінде Жансүгіров, Анаров көшелерінен Рашидов көшесіне дейінгі аралықта көлік нөпірі көп. Жүріс бөлігі төмен түсіп, шұңқырлар пайда болғандықтан, көлік қозғалысына қауіптілігі ескеріліп, орташа жөндеу жүргізілуде. Қала басшысы осы аумақта атқарылып жатқан жұмыстардың қарқынын қадағалады. Жобада жол жамылғысын жаңарту, құдықшаларды ауыстыру қарастырылған. Қала әкімі жауаптыларға ең алдымен сапаны назарға алып, жұмыстарды өндірістік кестеге сай аяқтауды тапсырды.

Бозарық шағынауданында бой көтерген көпқабатты тұрғын үйлер құрылысының барысы да қала басшысының қадағалауында.

Бүгінде 74 гектар аумақта 2 000-нан астам пәтерлі 54 көпқабатты тұрғын үйді құрылысы жүргізілуде. 18 нысан жыл соңына дейін қолданысқа беріледі.

Ал ішкі орамдық 3 инженерлік инфрақұрылым нысанның құрылысы жуырда аяқталады. Қалған 6 нысан келесі жылға өтпелі.

Қала әкімі мердігер мекеме басшыларының жауапкершілігін күшейтіп, құрылысты сапалы, мерзімінде жүргізуді тапсырды.

Назгүл НАЗАРБЕК,

Шымкент қаласы



АВИАОТЫН АЛАҚАН ЖАЙДЫРА БЕРЕ МЕ?

Қазақстан ішкі нарықта авиаотынның жетіспеушілігі мәселесін Қытайдан импорттау арқылы шешпек. Қазір Қытай зауыттарынан 350-500 мың тонна авиакеросин сатып алу нұсқасы қарастырылып жатыр. Бұрын әуеөкелігіне қажет жанармайдың жетпеген көлемін Ресейден алатынбыз. Мұнайлы мемлекет бола тұра мұнай өнімдеріне деген қажеттілікте көрші елдерге күніміз түсуінің мәнісі неде?

Бауыржан БАЗАР

Елімізде үш бірдей мұнай өңдеу зауыты (МӨЗ) жұмыс істеп тұр. Энергетика министрлігінің мәліметінше, Атырау, Павлодар және Шымкенттегі МӨЗ өндірген көлем мен нарықтағы сұраныс арасындағы алшақтық жыл сайын ұлғайып келеді. Мәселен, 2020 жылы отандық зауыттар 2020 жылы 432,2 мың тонна авиаотын өндірсе, сұраныс 476,7 мың тоннаға жеткен. Ал биыл 624 мың тонна өндіргенімізбен, сұраныс 887 мың тонна болып отыр. Яғни, ұсыныс пен сұраныс алшақтығы — 29,6%.

Авиациялық жанармайға сұраныстың артуына бір жағынан халықаралық транзиттік авиарейстер де себеп. Қазақстан Орталық Азиядағы аймақтық хаб ретіндегі маңызы күшейгелі халықаралық рейстер жанармай құйып алуға тоқтауды жиілеткен. Үкімет импортты әртараптандыру есебінен жетпеген отынның көлемін шығыстағы көршінің есебінен толтырмақ. Қазір Қытайдың мемлекеттік компаниясы CNAF-пен (China National Aviation Fuel Group) келісімшарт жасалуда. CNAF — әлемнің 48 әуежайына авиаотын жеткізумен айналысып отырған ірі мекеме. Қытайдың ішкі нарығындағы алатын үлесі де үлкен (97%). Көлік министрі Марат Қарабаевтың айтуынша, ең алдымен қытайлық авиакеросинді сертифицикаттау рәсімін реттеу қажет. «Біз КХР нарығын авиаотынмен толық қамтып отырған қытайлық компанияның өкілдерімен кездестік. Қытайдан Қазақстанға 350–500 мың тоннадай авиаотын сатып алуды қарастырып жатырмыз», — деді министр.

2023 жылдың 13 қазанында қазақстандық Air Astana және PetroChina International Kazakhstan компаниялары әуекеросинді жеткізу мәселелері бойынша ынтымақтасуға және Jet A-1 авиациялық отынның сатып алуға келісті. Airastana.com сайтындағы ақпаратқа сүйенсек, компаниялар сондай-ақ Jet A-1 және экологиялық таза авиациялық отынды (SAF) Қытайдың мұнай өңдеу зауыттарынан тікелей импорттау мәселесін де талқылаған. «Jet A-1 — IATA стандарттарына сәйкес отын түрі. Jet A-1 әлемдік бренді Қазақстанда қолданылатын ТС-1/РТ маркаларынан өндіріс пен сақтау технологиясымен ерекшеленеді», — делінген сайттағы мәліметте. Дегенмен NRG_monitor Telegram арнасының жазуынша, қытайлық Jet A-1 авиакеросинін сатып әкелмес бұрын өз елімізде шешілуге тиіс мәселелер бар. Ол — инфрақұрылым жағдайы. «Еліміздегі әуежайлар дәл қазір техникалық тұрғыда дайын емес, олардағы резервуар-цистерналар негізінен елімізде өндірілетін ТС-1 маркалы

авиакеросинді құйып, сақтауға арналған. Ол цистерналарға бірден Jet A-1 маркасын апарып құюға болмайды, алдымен тазалау керек немесе ауыстыру қажет. Яғни, отын сақтайтын орынның да өз стандарты бар», — дейді сарапшы Нұрлан Жұмағұлов. Айта кету керек, халықаралық ASTM стандартына сәйкес келетін Jet-A1 авиаотын түрін біздің мұнай өңдеу зауыттары да өндіре алатын мүмкіндікке ие. 2018 жылы еліміздегі үш мұнай өңдеу зауыты толық жанғыртудан өткен. «ҚазМұнайГаз» компаниясының хабарлауынша, үш кәсіпорында да кешенді техникалық аудит жүргізілген. Өндіріс технологиялары бекітіліп, отынды толық сертифицикаттау үшін қажетті жабдық сатып алынды. Алайда қазақстандық әуежайлар мен көліктік-логистикалық сегменттердегі инфрақұрылымның қазіргі жағдайы авиаотынның бұл түрін өндіруге толық мүмкіндік бермейді. Жұмағұловтың пікірінше, Jet A-1 өндірісіне толық көшу үшін өнімнің мұнай өңдеу зауытынан шыққаннан бастап халықаралық стандарт бойынша аккредитациядан өткен ұшақ қанатына жеткенге дейінгі барлық айналым тізбегі дайын болуға тиіс. Десе де, Қазақстан Jet A-1 авиациясына көшкелі жатқанда әлем елдері экологиялық таза отын көзі SAF (Sustainable aviation fuel) авиаотынын өндірулі қарастырып отыр. SAF — биоотын түрі, оны өсімдіктерден немесе жануарлардан алып өндіреді. 2021 жылы Еуропа одағы авиаотын өндіруші компанияларды SAF-ты қолдануға міндеттеу керегін ұсынды. Себебі қазіргі қолданыста жүрген мұнайдан алынатын авиакеросин ауаға айтарлықтай зиян келтіріп отыр. Әсіресе, алыс қашықтыққа ұшатын рейстерден көп зиян келеді. Авиациялық қалдықтардың 70%-ы алысқа ұшатын рейстерге тиесілі. 2020 жылы Халықаралық әуеөкелігі қауымдастығы (IATA) әлем бойынша әуетасымалының біржылдық қозғалысынан қоршаған ортаға тарайтын CO₂ мөлшері 860 млн тоннаға жеткенін мәлімдеген. Сарапшылар SAF әуеге тарайтын қалдықтарды 65%-ға, парникті газдарды 80%-ға азайта алады деген сенімде. Осыған байланысты 2025 жылдан бастап ЕО әуежайларына SAF жеткізу 2%-дан 5%-ға жетуі тиіс. Ал 2030 жылдан 2050 жылға дейін көрсеткіш 63% артуы қажет. Бірақ бұл өте қымбатқа түсетін өндіріс. Еуропа одағының елдері экологиялық таза отынға көшу үшін 440 млрд еуро шығындауына тура келмек. Қазақстан да жаһандық үрдістен қалмай осы отын түріне біртіндеп көшуді қарастырып жатыр. Болашақта SAF-ты ішкі рейстерде пайдаланып қана қоймай, отын түрін өз елімізде өндіру мәселесі де қозғалуда. Дегенмен ол — болашақтың жобасы.



ХАЛЫҚ ТАҢДАҒАН ҚЫРЫҚ БЕС

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӨРІП

Мысалы, Ортсайлауком төрағасы Нұрлан Әбдіров өңірлерді аралағанда жиындарға қатысушылар арасында сауалнама жүргізіп, әкімдерді сайлау процесін кемелдендіруге қатысты ой-пікірін сұрастырды. Сонда респонденттердің 40,3%-ы қашықтықтан электронды дауыс беруді енгізуді қолдады. Яғни, қазақстандықтардың үлкен бөлігі сайлау учаскесіне сабылмай, үйде не жұмыс басында отырып, дауыс бергенді қолайлы көреді. Сарапшылар да ауыл халқының дауыс беруге баруға күнделікті тірліктен қолы тие бермейтінін айтып жүр.

Сұрауға қатысушылардың 80%-ға жуығы кандидаттың мемлекеттік тілді міндетті түрде білуі және лингвистикалық емтихан тапсыруы туралы талап болғанын қалайды. Мысалы, әкім қазақша білмесе, қазақтілді тұрғындарды қалай қабылдайды, олардың мүддесін қалай қорғамак?

Бірнеше рет дауыс бермеуі үшін сайлау учаскелерінде бет-жүзді танып, тіркейтін Face ID енгізу туралы да ұсыныс болған.

Аудан немесе облыстық қала тізгінін қолына алғысы келген үміткерлерге тың бастамаларымен, ұтымды жобаларымен ел көзіне түсуге мүмкіндік беріліпті. Жамбыл ауылының тұрғыны Әмір Айдарұлының айтуынша, халық кандидаттар арасынан әкімді таңдағанда олардың сайлауалды бағдарламаларын назарға алды, уәдесі ұнағанына дауыс берді. Бұл ретте сайлау республикалық деңгейдегі емес, жергілікті деңгейде болғандықтан, әкім болудан үміткерлер жалпылама сөзден, құрғақ уәдесен барынша бойды аулақ салып, жергілікті жұртшылықты мазалаған күрмеулі проблемаларға, нақты жобаларға назар шоғырландырды.

Түркістандық еңбек ардагері Сейділда Тұрлыбеков әкімдерді тікелей сайлауды бұқара қызу құптап отырғанын, өйткені ол мемлекеттік қызметте тиімді басқарушыларды іріктеп алып, жоғарыға ілгерілету үшін қажетті «әлеуметтік лифтке» айналатынын жеткізді. Бұл президенттік бастама сонымен бірге жергілікті кадрларды тәрбиелеудің де тиімді бір құралы болуға тиіс.

Әйткенмен, әкімнің қызметін бақылау тетігі күшейтілгені жөн. Әйтпесе, сайланған әкім ел үмітін ақтамаса, оны орнынан кетірудің құралдары әлі күнге толыққанды енгізіліп, регламенттелмеген.

Ортсайлаукомның мәліметінше, сайлау балама негізде өтті. Еліміз бойынша сайлау бюллетеньдеріне жалпы саны 125 кандидат енгізілді.

Халықтың қызығушылығы да жоғары болды деуге келеді: сайлаушылардың дауыс беру учаскелеріне келуі 62,79%-ды құрады. Сайлаушылар тізіміне 1 062 327 азамат енгізіліп, олар әкім таңдау үшін ықтиярын білдіру мүмкіндігіне ие болды.

Ақтөбе облысы әкім сайлауға Қобда, Ойыл, Ырғыз аудандарын ұсынды. 9 кандидат әкім болудан үміттенген. Халық Қобда ауданында — аудан әкімінің орынбасары Ізгілік Тынымгереевті, Ойыл ауданында — іс басындағы әкімі Асқар Қазыбаевты, Ырғыз ауданында ауданның қазіргі әкімі Нұрлан Қызбергеновті таңдады.

Алматы облысының мәслихаты Балқаш, Жамбыл аудандарының әкімдері сайлансын деген ұйғарымға келген-тін. Олардың тізгінін ұстауға 6 үміткер ынтықты. Ал сайлаушылар екі шылбыр, бір тізгінді Балқаш ауданында — осы аудан әкімінің орынбасары Азат Құтпанбетовке, Жамбыл ауданында іс басындағы әкім Нұрлан Ертасқа ұстатты.

Атырау облысында Исатай және Қызылқоға аудандарының әкімі тікелей сайланды: 6 кандидат арасынан біріншісінде Исатай аудандық мәслихатының төрағасы Нұрым Мусин, екіншісінде іс басындағы әкім Канат Азмұханов жеңіске жетті.



Батыс Қазақстан облысында Бөкей-ордасы, Қаратөбе, Тасқала аудандарының әкімі лауазымы үшін 9 үміткер таласты. Қорытындысында, Бөкейордасы ауданында — әкім Нұрлыбек Даумов, Қаратөбе ауданы бойынша әкім Қалдыржан Сүйеуалиев өз орнын сақтап қалды. Тасқала ауданында сайлаушылар әкім лауазымына қазіргі әкімінің орынбасары Талғат Шәкіров лайық деп таныған көрінеді.

Жамбыл облысындағы сайлау қорытындысында Жуалы ауданының басшылығында — әкім Жалғас Мұртаза, Т. Рысқұлов ауданында қазіргі әкім Ернар Есіркепов қалып, ел сенімін одан ары ақтауға мүмкіндік алды.

Жаңа Жетісу облысында Кербұлақ, Сарқан аудандарының әкімдерінің сайлау ұсынылды. Сайлаушылардың көпшілігінің дауысын іс басындағы әкімдер — Канат Есболатов пен Ғалымжан Маманбаев иеленді.

Облыстық сайлау комиссиясы Қарағанды облысының Приозер қаласындағы, Ақтоғай және Осакаров аудандарындағы әкімдер сайлауының қорытындысын жария етті. Приозер қаласында — осы шаһар әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Мансұр Ахметов, Ақтоғай ауданында — аудан

әкімін сайлап алды. 6 кандидат ішінен іс басындағы әкімдер: Сырдария ауданында — Берік Сарменбаев, Шиелі ауданында Нұржан Ахатов сайланды.

Манғыстау облысында Бейнеу ауданының әкімі ғана сайланды: дауыс беру қорытындысында 3 үміткер арасынан аудан әкімінің орынбасары Рахымжан Шалбаев халық қалауына айналды.

Павлодар облысының жұртшылығы Ақтоғай, Железин, Шарбақты аудандары әкімдерін таңдады. Үшеуінде де жергілікті әкімдер аппаратының қызметкерлері алдына қара салмапты: Ақтоғай ауданында — Қаршыға Арынов, Железин ауданында — Айтуған Шайхимов, Шарбақты ауданында Сержан Иманқұлов сайланған әкім мәртебесін иеленді.

Солтүстік Қазақстан облысында Есіл, Мамлют, Тимирязев аудандарының әкімдері сайланды. Бұл лауазымдарға 8 кандидат қызығушылық білдірсе, солардың арасынан Есіл ауданының әкімі болып ауданы әкімінің орынбасары Мереке Мұхамедияров, Мамлют ауданының

әкімі болып Елена Степаненко (осы аудан әкімінің орынбасары), ал Тимирязев ауданының әкімі болып іс басындағы тағайындалған әкім Ерлан Жаров сайланды.

Түркістан облысындағы Бәйдібек, Мактаарал, Созақ, Шардара аудандары әкімдерінің сайлауы қызу өтеді деп болжанған. Бірақ онда бір орын үшін 3 кандидаттан бәсекелесті. Нәтижесінде, Бәйдібек ауданы сайлаушылары әкім ретінде ERNUR корпорациясының директоры Ерлан Нұрмахановты, Мактаарал ауданында — әкім Бақыт Асановты, Созақ ауданында — әкім Мұхит Тұрысбековты, Шардара ауданында аудандық мәслихат төрағасы Арман Қарсыбаевты таңдады.

Тағы бір жаңа, шағын облыс Ұлытау өңірінің Ұлытау ауданының тұрғындары өз әкімі ретінде 3 үміткердің ортасынан іс басындағы әкім Аманжол Мырзабековті сайлады.

Шығыс Қазақстан облысында Алтай және Глубокое аудандары да «өз әкімін халық тікелей сайлайтын» елді мекендер санатына қосылды. 5 қараша күні өз ықтиярын білдірген жергілікті сайлаушылар Алтай ауданында — аудан әкімінің міндетін орындаушы Ренат Құрмамбаевқа, Глубокоскийде аудан әкімі Елдар Тұмашиновқа сенім мандатын беріп, жылы креслосында қалдыруға ұйғарыпты.

Зан бойынша еліміздегі үш мегаполистің — Астана, Алматы мен Шымкенттің әкімдерін тұрғындар тікелей сайламайды. Бұл тұрғыда басқа тәсіл қолданылады. Өңірлерге қатысты саясатқа жауап беретін Ұлттық экономика министрлігінің түсіндіруінше, Президенттің бастамасымен және Жарлығымен, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың әкімі лауазымына кемінде екі кандидатура ұсынылады. Мәслихат депутаттары соның бірін таңдайтын тәжірибе енгізілді. Сөйтіп, мәслихаттың рөлі мен оның шешімдер қабылдауға қатысуы артты.

Енді мегаполистердің ішіндегі аудан әкімдерінде де осы тәсілді қолдану ұсынылуда. Осы мақсатта «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасына» түзетулер әзірленген.

«Елдегі реформалардың облыстық және республикалық маңызы бар қалалардағы аудандардың әкімдеріне әсері болған жоқ. Бүгінде мәслихаттар жоғары тұрған әкім ұсынған жалғыз кандидатураға келісуге мәжбүр. Басқаша айтқанда, мәслихат депутаттарында таңдау құқығы жоқ. Осыған байланысты облыс әкімдеріне ұқастырып, қалалар ішіндегі әрбір ауданның әкімін тағайындау тәртібін ішінара қайта қарау ұсынылады», — деді Экономика министрлігі. Демек, саяси жаңғыру жалғасынға ұқсайды.

Қорыта айтқанда, 5 қарашадағы аудан-қала әкімдерінің сайлауы жергілікті саясаткерлердің жаңа генерациясын қалыптастыру, оларды жұртшылық арасында белгілі ету және халық алдында жауапты, есепті ету жолындағы маңызды кадам болды. Мұның бәрі мемлекеттілікті нығайтуға, елдің тұтастығын күшейтуге қызмет еткені жөн. Ел бірлігі — реформаларды табысты жүзеге асырудың басты кепілі. Сондықтан жаңа сайланған әкімдердің ырысты ынтымақ, тың күшпен білек сыбана жұмыс істеп, елдің өркендеуіне сүбелі үлесін қосқаны қажет.



БИІКТІК НЕМЕСЕ «ЕСКЕРТКІШ БОП ТҰРЫП КЕТЕР МЫҚТЫЛАР!»

Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада «Биіктік» атты әдеби сазды кеш өтті. Қазақтың тұңғыш барда ақыны, композитор Табылды Досымовты еске алу кешін ақынның жары Қарлығаш Ибатова мен баласы Абыл Аяшұлы және ақынның ізбасарлары мен замандастары ұйымдастырды.

Сахна төрінде ақынның әндері шырқалып, 2013 жылы жарық көрген «Із тастап аққан бір жұлдыз...» атты жинағының екінші басылымының тұсауы кесілді. Кітапхана фойесіндегі көрмеге ақынның еш жерде жарияланбаған архивтегі суреттері қойылды.

Әдеби сазды кеште Президент кеңесшісі, журналист Бауыржан Омарұлы, тележурналист Арман Скабылұлы ақын, композитор Елена Әбдіхалыкова, Мәжіліс депутаты, журналист Жанарбек Әшімжан, «Түркістан» газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлы, «Айқын-Литер» ЖШС-ның директоры Ыскак Егембердиев сынды ел ағалары естелік айтып, Табылдыға арнап жазған жырды оқыды.

— Табылдын Астанада әлі кеші болған жоқ. Мынау — алғашқы кеші. Ал Ақтөбе қаласында Табылдың жыл сайын әндер байқауы өткізіліп келеді. Атырауда да, Маңғыстауда да керемет жыр кеші болды. Енді Астанаға келді. Табылдың еске алу, Табылдың таныту деген мақсатта... Өзі де халықтың арасында танымал. Бірақ ресми түрде Табылдың елге танылуы соңғы бір-екі жылдың көлемінде қолға алына бастады. Атырауда ескерткіші ашылды. Біздің замандастардың ішінде Табылдың оқ бойы озық, шынымен алда екенін дәлелдейтін ескерткіш әлі ешкімге қойылған жоқ. Табыл оқу бітіргеннен кейін Алматыда қала алмай, бір шаңырақтың жалғыз болғаннан кейін ауылға кетті. Ауылда жүріп шығармашылығын дамытты. Алматыны сағынып жүрді, Алматыға келгісі келетін. Бірақ қолы байлаулы еді. Сонда да болса, қысқа ғана 45 жыл ғұмырында көп жұмыс бітіріп кетті. Ал оның шығармашылығының ең бір гүлденген шағы, қазір елдің аузынан түспей жүрген ең бір тандаулы әндерінің 70-80 пайызы ҚазГУ калашығында, жастық, студенттік шағында дүниеге келді. Бәріміз жас болдық, бәріміз ғашық болдық. Әндерінің талайының қалай туғанының куәсімін. Тіпті, патриоттық әндері де Алматыда туды. Желтоқсан оқиғасының ортасында болды. Сол үшін оқудан шығып қалды. «Мен қазақтың» деген әні күйінштен, азаттық аңсаған жан тебіренісінен туған еді.

Табылдың тағдыры киноға да татиды. Түбі көркем фильм, спектакль, пьеса болып, көрерменмен қауышады, жарық көреді деп сенемін. Табыл талант Астананың кітапханасы сахнасынан басталып, үлкен сарайларда талай-талай жыр кештерінің тақырыбына айналады деп ойлаймын, — дейді ақынның курстасы Арман Скабылұлы.

Қазақтың жыр әлемінде жасындай жарқырап, отты өлеңдерімен олжа салған ақындар аз емес. Тағдырдың таңбасы солай ма, әйтеуір қазақ көбіне көзі тірісінде талантты танымай жаталы дейміз. Бірақ 80-90-жылдары көзі тірісінде-ақ Табылды Досымовтың ҚазГУ калашығын тербеткен қоныр үні, гитарадан төгілген қоныр әуені сол кездегі барлық қазақ

жастарының жүрегіне ұлап, ән болып әуелегені рас. «Түркістан» газетінің бас редакторы Бауыржан Бабажанұлы:

— Біз университетке келсек, бүкіл ҚазГУ Табылдың әнімен тыныстап, тербеліп тұр екен. Біздің студенттік кездеріміздің бәрі Табылдың әндерімен өтті. Оған дейін өз заманының тынысын гитараның үніне қосып жеткізген дарын ұлтымызда болған жоқ, — десе, Бауыржан Омарұлы Табылды Досымовтың студенттік өмірінің өлшемі, достығының анықтаушысы — ақын Әубәкір Смайылов, журналист Болатбек Қожан және тележурналист Арман Скабылұлы олардың Табылды қалай алақанына салып аялағаны жайында естеліктерді айта келіп, ақын шығармасындағы философиялық, психологиялық иірімдер жөнінде толғауды ойын ортаға салды.

— Табыл ескерден келді де, шығармашылықпен шындап айналысты. Тынымсыз ізденді. Қабілетін қайрады. Қаламын ұштады. Гитарасының шанағынан саз сауды. Нәтижесі, өздеріңізге белгілі.



Ақын досымыздың мақсат-міндеті мен өсіп-өрлеуінің кілті өз өлеңінде тұр. Оның шығармашылығында «биіктік» ұғымы маңызды роль атқарады. Ол үнемі ғарышқа көз тігеді, зенгір көкке зер салады. Бағла бардтың арманы да («Ұнатады шыңға көңіл шырқауды, Таулары жоқ төбемізден бұлт аулы»), ансары да («Шынды армандап төбесі көк сүзгілер, Экраннан Эверестке үздігер»), кесімі де («Қыр баласы тауға қарап өспейді, Қыр баласы қол созады аспанға»), шешімі де («Биіктігі айналайын, туған ел, Қыранының қанатымен өлшеген») — сол биіктік. Табыл игерді сол биіктіктің біразын. Қандай шындарды бағындырғанына бүгінгі жұрт куә.

Тағы бір назар аударарлық нәрсе — Табылдың өлеңдеріндегі «тау» түсінігі. Бұл — алдыңғы «биіктік» ұғымымен астылып жатқан дүние. Тау тұлғалы Табыл тауға құмартты. «Обаны алып, адырларды төбе деп Төбелерді тау деседі

біздің ел», — деп туған жерінің табиғатын тебірене тәпсірледі. «Тартыспай-ақ Ғамзатовтай көкеммен, Тау ұлы емес, қыр ұлы боп өтем мен» деп өзінің перзенттік парық-пайымын жалпақ жұртқа жариялады. «Осы қырда төбешіктей аналар, дүниеге таудай ұлдар әкелген» деп өскен өңірін обектей түсті. «Ереуіл атқа ерін салған егесте, Махамбеттің өзі бір тау емес пе?» деп Арман секілді тау ұлдарына шекесінен қарап, алабеттен асқақтық танытты.

Расында да оның әйгілі үш досының екеуі таусыз жерде туып-өскен-ді. Әубәкірдің тауы — өлең, Боярның тауы — иман... Ал Арман титімдейін тауда ойнаған жас марал еді... Табылдың оған тым жақын болғаны да содан шығар.

Табылдың да кредосы тау секілді асқақ еді. Тау перзенттерін тынбай жырлайды («Тау ұлдары тауда нағыз сырбаздай, Жүздерінде шабыт оты жүр маздай»), оларды өзінің теп-тегіс туған жерінің алаңсыз адамдарымен салыстырады («Біздің қырда қыдырса егер бір жаздай, Талай таулық кетер ме екен жыр жазбай»), ақырында таусыз-ақ тірлік етеріне мойынсұнып, сабасына түседі («Алты алаштың алыптары берсе дем, Таусыз ғұмыр кешеріме мен сенем»). Бәрібір көкейтесті арманын өзі күндіз-түні шимайлайтын ақ паракка мөр ғып басты, — деп Бауыржан Омарұлы Табылды Досымовтың шығармаларындағы арман-мұраттарының шындыққа айналғаны туралы толғанды.

Жыр кешінде Қорабай Есенов, Зәм-зәм Дәуітов, Амантай Шәріпов, Ерсайын Жапақов, Сабыр Адай, Әмірхан Балқыбек, Жарас Сәрсек сынды тау тұлғалы қазақтың біртуар ұлдарының аттары Табылды Досымовтың атымен қатар аталып, 80-90-жылдардағы қазақ жастарының қилы да қызық жастық шақтарынан сыр шертті.

— Бүгін бір сұрапыл кеш болып жатыр. Керемет естеліктер айтылып жатыр. Табыл аға біздің жатақханаға жиі келетін еді. Түнімен ән айтатын. Өтірік өлең жазатын халтуршиктерге жаны қас еді, — деп еске алды депутат Жанарбек Әшімжан. Иә Табыл ақынның жасандылыққа жаны қас шығармашылық талантына жазушы Әуезхан Қодар: «Табылды жасандылықты кешірмей, сынап-мінеп отырады. Себебі оның ең түпкі мақсаты — қазақтың шығыстық болмысын табу емес, қазақтың өзіндік қазақ болмысын табу. Ал ол болмыстың табиғаты қазақтың жырау болмысында жатыр. Жырау дегеніміз кім? Жырау — еркіндік пен адалдық сүйгіш қазақы еркін болмысты дәріптейтін ақын. Ол — бір жағынан билік пен халық арасындағы дөңкерші болса, екінші жағынан, биліктің алдында халық сөзін айтушы, оның мүддесін қорғаушы тұлға. Егер бір кездері қазақ біртұтас болса, ол — халыққа да адал, билікке де әділ біздің жанкешті осы жыраулық

болмысы. Ол бард сөзінің ортағасырлық және қазіргі мағынасында да бар. Ең түпкі негізінде, ол қазақ дәстүрлі жыраулар мәдениетінің өкілі болса, екінші жағынан, қазіргі авангардистік, модернистік мәдениетінің өкілі» деп баяғыда бағасын берген еді.

Табылды Досымов туралы жазған мүмкін емес сияқты. Өйткені ақын өлеңдерінің қай-қайсысына үңілсеңіз де, өміріне де, өнеріне де, тіпті өліміне де өзі ескерткіш қойып кеткенін аңғарады екенсің.

— Быыл Табыл ағаның бүкіл әндері нотаға түсіп, үлкен кітап болып жарық көрді. Туған жерінде өнер кеші өтті. Келесі жылы Табыл Досымовтың әндер фестивалі өтеді деп жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының әртістері ақын өмірін басқаша қырынан көрсететін «Ұнатамын мен сені» деген тақырыпта жаңа спектакль дайындап жатыр, — деді Махамбет атындағы Қазақ драма театрының қызметкері, ақын Әлия Дәулетбаева. Иә, қазақ барда қазақтың тұңғыш бард ақыны Табылды Досымов та өлмейді, мәңгі жасайды.

Табылды Досымовтың шығармаларындағы биіктік, тау, жалғыздық сынды ұғымдардың қазақ ұғымындағы ұлық өлшемдерімен, ал «Біреу келсе екен...» деген арман-ансары халқымыздың бауырмал, көпшіл, қонақжай деген секілді өмірлік таным-түсінігімен ұштасып, ұрпаққа ұлттық мінез-құлықты үлгі-өнеге етіп, мәңгілікке жалғаса беретіні сөзсіз. Өйткені Табылды туралы таусылмас тақырып төңірегінде сыр шертіп, естелік айтар қаламдас достары, замандастары және ізін жалғап, жолын қуған аға-бауыр, іні-қарындастары, Қарлығаштай жары мен Абылдай мұрагері бар.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Анимация – суреттерге жан бігіретін өнер түрі. Бұл өнер соңғы жылдары кенжелеп қалды. Көрермен тек шетелдік мультфильмдердің аудармасын ғана тамашалап отыр. Ал отандық өнім ара-тұра қылаң бергені болмаса, көптеп түсіріліп жатқаны байқалмайды. Анимация ауылында жүргендер де бірен-саран ғана. Бұл жанкешті жандардың еңбегі неге көп көрінбейді? «Мұзбалақ» пен «Күлтегін» мультфильмі сияқты көрермен көзайымына айналар дүние бар ма? Бұған мамандардың көзқарасы қандай?

Ахуалың қандай, АНИМАЦИЯ?



Әбдіқалыр САБЫР,
продюсер, сценарист, режиссер, мультипликатор:



— Қазір статистиканың заманы, яғни сандарға қарап сөйлеу бағаланады. Шынайы өмірде ол мүлдем басқаша. Бір анимация өзін қаржылай ақтаған емес. Өйткені бұл бағытта мемлекеттік менеджмент жоқ, салық мәселесі де бар. Былайша айтқанда, қаржының жартысына жуығы сондай қосымша салықтарға кетуі мүмкін. Қазақ анимациясында еркіндік бар, тек белгілі бір тақырыпқа ғана. Бізде ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу керек деген ұстаным бар. Анимация тек балаларға арналған деген қатып қалған түсініктен арылмаған. Сананы сандалтатын ересектердің өзара әзілдесетін арзан әзілсмақтарын анимацияға тығып, ұрпақтың өресін төмендетудің қажеті шамалы.

Ділшат РАХМАТУЛЛИН,
режиссер-мультипликатор:



— Қазір қазақ анимациясының даму деңгейі жақсы. Оның дәлелі қазақ мультфильмдердің барлығы дерлік балалардың назарында жүрген Балапан арнасында көрсетіліп жүр. Менің ойымша, қазақ тілінде сөйлейтін балалар қазақ анимацияларын үзбей қарайды. Сондықтан еліміздің отандық мультфильмдері шетелдікінен кем түспейді деп айта аламын. Қазақ анимациясы бөлек ұйым болуы керек. Бұл қазір «Қазақ фильммен» де, «Ұлттық кино қолдау мемлекеттік орталығымен» де бірге жұмыс істейді. Егер қазақ анимациясы бөлек ұйым ретінде құрылатын болса, дамудың жоғары деңгейіне жетеді деп сенемін.

Жәнібек НҮРБЕК,
суретші, анимациялық кинорежиссер:



— Экраннан бөлек әлеуметтік желілерде қазақ мультфильмдері миллионнан аса қаралым жинайды. Бұл балалардың отандық қазақ тіліндегі анимацияларға шөлдеп отырғанын білдіреді, яғни сұранысқа ие деп айтсақ болады. Тағы бір дәлел ретінде мынаны айтайын: 2019 жылы «Қазақконцертте» балалар назарына ұсынылған «Мұзбалақ» пен «Күлтегінді» көруге 10 мыңнан аса бала келген еді. Бұл көрсеткіш қазір әлдеқайда өскен. Ата-аналар мен балалар тарапынан сұраныстың көптігі рас, бірақ жана анимациялық фильмдерді жарыққа шығарып үлгермей жатырмыз. Қазақстанда 40-тан астам анимациялық киностудиялар бар. Барлығын «Қазақ анимация» шығармашылық бірлестігі қаржыландырып отыр. Аталған бірлестік өткен жылы 1 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлген. Бұл қаржыға 20 анимациялық студия 20 қысқаметражды анимациялық фильм түсірді. Одан бөлек, бөлінген қаржы ішіне қызметкерлерге төленетін жалақы да кіреді. Биыл қазақ анимациясы үшін 500 миллион теңге қаржы бөлінді. Өкінішті — өрине.

30 жыл бұрын анимация саласынан қол үзіп қалған білікті мамандар қазір қайта студияларға оралып жатыр. Жас мамандар Франция, Испания, Түркия, Польша қалаларында тәжірбие алмасып, отандық анимацияларда түрлі тәсілдерді қолданып жүр. Егер мемлекет тарапынан жыл арасына арагдік салмай, жүйелі түрде үздіксіз 5-10 жылдай қаржылай қолдау көрсетілсе, қазақ анимациясы өзін-өзі толық ақтайтын дәрежеге жетеді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Наурызбек САРША

Жердегі ең әсем және тылсым құбылыстың бірі — поляр шұғыласы. Түрлі түспен алаулаған шұғыланы күн желінің зарядталған бөлшектері соғылуы әсерінен атмосфераның жоғарғы қабатындағы молекулалар мен атомдар шығарған сәулелер туғызады. «Солтүстік немесе оңтүстік шұғыласы» деп те аталатын жарқырау Жердің магнит полюстері маңында, яғни 65—70° ендіктерде көрінетіні белгілі. Алайда Күн белсенділігі артқан кезде атмосфераның сәулеленуін орта, тіпті төмен ендік тұрғындары да көруі мүмкін.

Иә, солтүстік шұғыласы мың жылдар бойы адамдарды тандандырып келді. Полярлық шұғыла алғаш рет 30 мың жылдық кроманьон үңгірлеріндегі суреттерде бейнеленген. Бұл туралы деректер біздің заманымыздан бұрынғы 2600 жылғы көне қытай жазбаларында кездеседі. Физикалық анықтамасына келсек, полярлық шұғыла немесе Солтүстік шұғыласы — Жер атмосферасының ионосфера қабатында байқалатын жарқыл. Полярлық шұғыла ғарыштан келетін жоғары энергиялы зарядталған бөлшектердің (электрондар мен протондардың) атомдармен және молекулалармен әрекеттесуі (90—1000 шақырым биіктікте) нәтижесінде пайда болады.

Ал еліміздің көгінен көрінген теріскей шұғыласына мамандар не дейді? Назарбаев университетінің ғылыми қызметкері Бекдаулет Шүкірғалиев университеттің Ассы-Түрген астрофизикалық обсерваториясының аумағында орналасқан NU Transient Telescope арнайы мамандандырылған телескопы (NUTeL-TAO) барын айтады.

«Бұл орбиталық ғарыштық обсерваториялардан келетін сигналдарға автономды түрде жауап алуға арналған телескоп және ол әр бұлтсыз түндері бір жылдан астам жұмыс істеп жатыр. Ғарыштық обсерваториялар бір секунд ішінде терең ғарыштан өте күшті жарылыстардың орындары туралы ақпарат жібереді. Мұндай оқиғалар өте тез жүреді, жарқын сәуле әдетте бір минуттан кейін жоғалады, бұл оқиға қарапайым телескоптарға өлшеулерді бастау үшін тым жылдам. Өткен түнде Қазақстан аймағында бақыланған солтүстік шұғылалар терістіктегі мемлекеттер үшін әдеттегі жағдай болғанымен, Қазақстан аймағында өте сирек кездеседі. Бұл Күнде болатын магниттік белсенділіктерге байланысты болады. Қараша айының 2-3-ші күндері өте үлкен белсенділік байқалды. Сол кезде Күннен бөлініп шыққан жоғары энергиялы зарядталған бөлшектер өткен түнде жердің магнитосферасына жетті. Сол жоғары энергиялы бөлшектер магнитосферадан өтіп атмосфера молекулаларымен әсерлескенде түрлі түсті сәулелер шығарады. Бұл жол-

Табиғат тосын құбылыстарға толы. Әсіресе, көк жүзіндегі ерекше құбылыстар адамзатқа қашанда жұмбақ, қашанда қызық. Кеше, қарашаның 5-інен 6-сына қараған түні қазақстандықтар республиканың солтүстік, шығыс және орталық аймақтарынан теріскей шұғыласына куә болды. Осы ретте біз аталған құбылыстың ғылыми түсінігін іздеп көрдік.

ӘРҚАШАН КҮН! СӨНБЕСІН.



ғы магниттік дауылдың қуаты өте үлкен болғандықтан солтүстік шұғыласы оңтүстік аймақтарда да байқалып отыр. Алматыда орналасқан Ионосфера институтының детекторлары геомагнитті дауыл индикаторы болып табылатын К-индексінің 9 ұпайдың 7-іне дейін жеткенін бақылады. Бұл көрсеткіштерді Фесенков атындағы Астрофизикалық институттың арнайы парақшасында (ssa.fai.kz) көруге болады», — дейді ол.

Аспанның қызыл түске боялған сәтін еліміздің әр өңіріндегі Казнет қолданушылары бөліскен. Қазақстанда пайда болған поляр шұғыласына «Казгидромет» РМК да өз пікірін беріп үлгерді. «Поляр шұғыласын күннен бөлінген зарядталған бөлшектер атмосфераның жоғарғы қабатындағы сирек газдарға әсер еткенде байқауға болады. Солтүстік шұғыла — геомагниттік белсенділіктің нәтижесі. Бұл метеорологиялық құбылыс біздің ендігімізге тән емес және Қазақстанда

“
Финляндияда оларды «Отты түлкілер» деп атаса, Шотландияда «Періште», Скандинавияда оны балық аулаудың сәтті өтетінінен хабар беретін құбылыс ретінде қарайды. Инуиттер болса, оларды «Түнгі аспанда билейтін жануарлар» деп атайды екен.

өте сирек болады», — деп жазылған хабарламада.

Қазақстандықтар биыл көктемде де осындай құбылысты байқаған еді. Сол кезде бұлттар әдеттен тыс жарқылмен жарыктанып, кенет жоғалып кеткен еді. Мамандардың айтуынша, Күн белсенділігі биыл елеулі артқан. Күннен үзілген протуберанец загы жексенбіде 21:40 шамасында Жерге жеткен. Бұл соңғы 20 жылдағы ең қуатты магнит дауылының бірін туғызған. Нәтижесінде, әдетте биік ендіктерде ғана көрінетін поляр шұғыласын 6 қарашаға қараған түні орта ендік тұрғындары да тамашалап отыр.

Иә, түнде бақыланған поляр шұғыласы соңғы 20—30 жылдағы ең жарқын әрі ең оңтүстік аврора ретінде бағалануда. Дегенмен екі жыл бұрын да осыған ұқсас құбылыс байқалған. Мысалы, 2021 жылы 2 қарашада Күнде М1.7 балдық жарқыл болып, плазма бұлтты атылған екен. Зарядталған бөлшектер ағыны екі тәуліктен соң Жерге жетіп, күшті геомагниттік дауыл туғызды. Сол себепті поляр шұғыласы төмен ендіктерден-ақ, мысалы, Калифорния штатындағы Линколн (39° солтүстік ендік) мен 45° оңтүстік ендікте орналасқан жаназеландиялық Данидин қалаларынан бақыланды. Шұғыла Ресейдің көптеген аймақтарында, тіпті 52° солтүстік ендіктегі Иркутск облысында да көрінді. Ал «Солтүстік шұғыла астанасы» деген атаққа ие Норвегияның Тромсё қаласында (69° с.е.) жанбыр жауып тұрса да, жолы болғыш кейбір фотографтар әдемі сурет түсіре алды.

Әлеуметтік желіде тарап кеткен фотографтардың көбін Нұрқанат Шаймуратұлы Акмола облысы Ерейментау ауданында (51°37 с.е.) түсірген. Біз фото авторымен байланыса алмадық. Бірақ осындай әр өңірдегі табиғат құбылыстарын фотоаппаратының көзінен тыс қалдырмауға тырысып жүрген фотограф Андрей Тюшинмен аз-маз пікірлесіп үлгердік.

«Мұның бәрі салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бұрын астрофотографияға қызығушылықтан басталды. Ұзақ уақыт бойы мен әртүрлі табиғат құбылыстарын тек процестер физикасы тұрғысынан ғана емес, фотограф ретінде де зерттедім. Әрине, кез келген фотограф сияқты, мен ерекше нәрсені түсіргім келді. Осы ретте қызығушылығым солтүстікте жиі кездесетін құбылыс, бірақ өте сирек жағдайларда ортанғы аймақта көрінетін Аврора шұғыласына ауды. Мен бұл оқиғаны болжау үшін арнайы сайттарда күннің жарқырауын қадағалай отырып, шұғыланың неден пайда болатынын зерттей бастадым. Алғаш рет 2022 жылдың тамызында мақсатыма жеттім. Содан кейін ұзақ айлар үзіліс болды. Сосын күтпеген жерден екінші рет сәттілік сағаты туды. Сәуір айында Батыс Қазақстан облысындағы дәл сол шұғыланы суретке түсірдім. Теориялық тұрғыдан бұл мүмкіндік өте аз болды, бірақ соған қарамастан, бұл көптеген факторлардың қолайлы сәйкестігінің арқасында мүмкін болды. Кеше, айтпақшы, бұл құбылыс тіпті кең ауқымда қайталанды. Бәлкім, келесі 1,5-2 жылда тағы қайталанатын шығар.

Болашаққа арналған жоспарларға келетін болсақ, өз кәсібімді дамыту, жүлдызды аспанның ең әдемі бөлігі бар жана

жерлерді іздеу. Ресей мен Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де, астрономияны танымал етуге деген ұмтылыс бар. Ғылым ретінде өз көзіммен көрген, ғылым түсіндіре алатын таңғажайып құбылыстарды адамдарға түсіндіру, баяндау», — дейді ол.

Жалпы, табиғат құбылысына 1619 жылы ғана латынша аурога borealis деген ат берілген. Бұл атауды атакты ғалым Галилей қойған. Сол уақыттарда ғалымдар солтүстік шұғыласын танда Күннің шығуы кезінде пайда болатын құбылыс деп есептеген. Бірақ ғылым дәлелдендей шұғыла тек Күннің шығуымен пайда болатын құбылыс емес. 1749 жылы ғалымдар Күн циклдерін зерттей бастады. Нәтижесінде, Күн бетінде дақтар пайда болғанда Солтүстік шұғыла қатты жарқырап көрінетінін анықтады. Галилей мұндай табиғат құбылысына Римнің «Таң құдайы» мен гректердің «Жел құдайы» аттарын біріктіріп берген деседі.

Бүгінде солтүстік шұғыла — Аурога borealis деп аталса, ал оңтүстік шұғыласы Аурога australis деп аталады. Осылардың арасындағы ең көп көрінетіні жасылсары түсті шұғыла оттегі мен Күн молекулаларының өзара әрекеттесуінен жерден 240 шақырым биіктікте пайда болады. Егер Күн молекулалары азотпен өзара әрекеттессе, аспанда қызыл немесе көк түс пайда болады. Ал олардың басқа түстерін тек арнайы құрылғылар арқылы ғана көре аласыз. Сәулелік пішіндердің орташа қалыңдығы 200 метр, жарық артқанда, ол кемиді. Полярлық шұғыланың спектрлік құрамы ендікке байланысты өзгеріп отырады. Шұғылаларды зерттеу, біріншіден, Жерге жақын ғарыш кеңістігіндегі процестер туралы ақпарат жинауға, екіншіден, оптикалық сәуле шығарулары бойынша ғарыш бөлшектерінің ионосфераға әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ғажайып табиғат құбылысы кейде бұлт сияқты, кейде толқын, спираль, және горизонт түріндегі түрлі пішінде көрінеді. Осыған байланысты әр халықтың өз наным-сенімдері бар. Мысалы, Финляндияда оларды «Отты түлкілер» деп атаса, Шотландияда «Періште», Скандинавияда оны балық аулаудың сәтті өтетінінен хабар беретін құбылыс ретінде қарайды. Инуиттер болса, оларды «Түнгі аспанда билейтін жануарлар» деп атайды екен.

Түйін:

2019 жылғы минимумнан кейін Күн белсенділігі біртүгел артып келе жатқандықтан, мұндай құбылыс енді жиірек болуы мүмкін. Поляр шұғыласы 2015 жылы Қазақстанның солтүстігінде (53—55° с.е.) көрінгені есімде. Күн белсенділігі шыңына 2025 жылы жетеді деп күтіледі. Демек, мұндай оқиғалар жиілей бермек. Дегенмен алып Амамыз — Жер планетасы аман болсын деп тілейміз! Әрқашан Күн сөнбесін!

АҚМОЛАДА АВТОГАЗ НЕГЕ ТАПШЫ?

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Жыл сайын күзгі уақытта газ тапшылығы болатыны қалыпты жағдайға айналды. Әсіресе, биылғы егін орағы нағыз қызған шақта сұйытылған көгілдір отынның жетіспеушілігі қатты сезілді. Тұтас ай бойы тоқтамастан жауған жаңбырдың салдарынан теріскейдегі диқан қауымының алтын астығын түгелдей ылғал басып, элеваторларға әдеттегідей көлемде жеткізілген газ таусылып қалды. Әрине, кештетіп болса да газ көлемі жіберілген. Алайда сұйытылған газдың уақытында әкелінбеуінің салдарынан теріскейдің жүздеген диқан қауымы астығын уақытында кептіре алмай, қызып кеткен мыңдаған тонна астығы далаға төкті. Тіпті, әлі де кептіре алмай қызған астықты қайда өткізерін білмей жатқан шаруа көп. Бұл орайда форс-мажорлы жағдайға дайын болмауымыздың басты себептерінің бірі — алғашқы кезекте газдың уақытында жеткізілмегенінде екені рас...

Үкімет пен тиісті министрлік «түйінді мәселе тарқатылды, қажетті көгілдір отын көлемі өңірлерге жеткізілді» дегенімен жергілікті аймақтарда газ тапшылығы әлі де болса асқынып тұр. Элеваторлар мен нан қабылдау бекеттеріндегі қарбалас өз алдына, енді кәдімгі жанармай құю бекеттерінде де газ құйып алудың өзі қып-қы-



зыл майданға айнала бастаған. Жанармайдың қымбатшылығынан көліктеріне автогаз баллонын қойдырып алған жүргізушілер газ тапшылығына қатысты наразылықтарын жиі білдіріп жүр. Тіпті, кейбірінде кезек күтіп қалған жүргізушілердің өзара жанжалдасып, бір-біріне жұдырық ала жүгіргендері де кездесіп қалады.

Әсіресе, Акмола облысында «Автогаз жетіспейді, қаланың барлық автогаз құю бекеттерінде газ жоқ» деп жүрген автокөлік иелерінің қарасы көбейген. Бар болса бірыңғай талонмен, оның өзі ұзынсонар кезекке айналған. Қаланы айнала жүріп

газ таппаған жүргізушілер мәселені билікке тікесінен қойып, оны шешуді талап етуде. Желіге жарыса жазған автокөлік иелерінің айтуынша, облыстың барлық аймағындағы газ құю бекеттерінде автогаз жоқ. Болған күннің өзінде талонмен, яки ұзынсонар кезек күтіп зорға алуға мәжбүр болады. Тұрғындардың басым бөлігі «газ тапшылығы қолдан жасалған, кезекті мәрте бағаны көтерудің амалы...» деп санайтындарын жасырмады.

— Автогаз іздеп қаланы түгел кезіп сандалып шықтым. Бір жарым айдан бері автогаз қасқалдақтың қанынан қат болып кетті. Бар болған күннің өзінде кезек күтіп 1,5-2 сағаттан астам уақыт кетеді. Астық кептіру үшін элеваторларға жіберілсе, автокөліктерге бөлінетін газға неге қосымша қоры болмайды? Антимонопольлық қызмет пен прокуратура органдары қарап отырма? Бүлдегеніңіз — нағыз бағаны жасанды түрде көтерудің келісімді әрекеті ғой. — дейді Көкшетау қаласының тұрғыны Әнуар Бахманов.

Газ тапшылығын жергілікті газ тарату компаниялары да мойындады. Қаланың тұрғын үйлерінің басым бөлігіндегі газгольдерлерді газбен қамтитын бірнеше автогаз жанармай бекеттері бар «Көкшетау Транс Газ» компаниясының басшысы әзірге газ болғанымен көлем таусылуға таяу екенін жеткізді.

— Иә, газ тапшылығы бар екені рас. Қаланың бірнеше автогаз бекеттерінде газ мүлдем жоқ. Бірінші кезекте бұл элеваторлар мен нан қабылдау бекеттерінде болған газға қажеттіліктің салдарынан болды деп ойлаймын. Бірінші кезекте әлеуметтік маңызды салада газ болуға тиіс. Әзірге менің газ құю бекеттерімде газ бар. Бірақ алдағы күндерде таусылып қалатыны анық. Өйткені өткен айларда болған газ сатылымынан осы соңғы апталарда сатылған газдың көлемі бірнеше есе асып түсті, — дейді «Көкшетау Транс Газ» компаниясының директоры Батыр Әшіров.

Ал облыстың Энергетика және тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық басқармасы түйінді мәселенің негізгі себебін ауыл шаруашылығы компанияларының газды аса көп мөлшерде сатып алуынан осындай тапшылықтың болғанын жеткізді. Басқарма мәліметінше, еліміздің Энергетика министрлігі бекіткен сұйытылған газ жеткізу жоспарына сәйкес, қараша айына облысқа 8 604 тонна газ бөлінген. Оның ішінде «Ақтөбе Мұнай-Газ» компаниясынан 5 508 тонна және Атырау мұнай өңдеу зауытынан 3 096 тонна жеткізілген. Өңірдің газ тұтыну мөлметіне қарағанда, облыс аумағында осы жылдың тоғыз айы ішінде 8,5 мың тонна газ тұтынылған. Басқарманың соңғы деректері

бойынша, өңірдегі сұйылтылған мұнай газы бар-жоғы 816 тонна қалған. Оның 370 тоннасы Көкшетау қаласында. Мұнымен қоса, өңірге 31 цистерналы вагонмен 1 116 тонна газ келе жатыр. Ол облысқа тек 6 күнге жетпек.

Автогаз бағасына келсек, өңірдегі автогаз бағасы бүгінде 69 теңгеден 81 теңге аралығында болып тұр. Яғни, балон газы келісіне 81-220 теңге болса, өнеркәсіп кәсіпорындарына келісіне 85-160 теңгеден саудаланады. Ал газ тарату қондырғыларында текше метріне 460 теңгеден бас-талған.

— Қазір облыста сұйылтылған газ тапшы болып отыр. Жыл сайын күзгі уақытта элеваторлар мен астық қабылдау бекеттерінде бидай қабылдайтын кезде осындай жағдай болады. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қажетті қамдақ арналған сұйылтылған газды көп көлемде сатып алады. Осыған байланысты көптеген автогаз құю бекеттерінде газ сату тоқтап қалады. 2 қарашадағы мәлімет бойынша, облыстың 36 автогаз құю бекеттері газдың болмауынан уақытша жұмысын тоқтатқан. Басқарма өндіруші зауыттардан сұйылтылған мұнай газын облыстың газ толтыру стансаларына жеткізуге тұрақты түрде мониторинг жүргізеді. Қазір «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамымен теміржол арқылы автогаз құйылған вагон-цистерналардың тезірек жеткізу мақсатында тиісті жұмыстар жүріп жатыр, — дейді Акмола облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ермек Тушанов.

Түйінді мәселе жылда қайталанады. Бірақ құзырлы органдардың мәселені ұнықтырмай уақытында қор жинамай, яки бағаның өзгеруіне себепкер болуы тәсілсіз. Бұл орайда түйіннің тарқатылуы үшін Үкіметпен қоса, тиісті министрліктер, сондай-ақ облыстық әкімдіктер бірлесе шара қабылдаса екен дейсін...

Акмола облысы



ТІРШІЛІГІ ТҮРЛЕНГЕН ТҮРКІСТАН

Тельман БЕЙСЕН,
Түркістан облысы

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Заявки на участие в аукционе принимаются по адресу:
г.Астана, ул.Сейфуллина 14,
8 (717) 22-22-25; 8 (775) 154- 17- 49
Сумма гарантийного взноса – 5% от заявленной суммы. Прием заявок прекращается за 1 час до проведения торгов. Условия оплаты 100% в течение 5-ти рабочих дней

Реквизиты: ТОО «Микрофинансовая организация GoldFinMark», БИН 001140021635, РНН 581500213269, ИИК KZ39551X125000008KZT, БИК KSNVZKZ, КБЕ 15, АО «Банк Фридом Финанс Казахстан»

Доверенное лицо: Шакирова Асемгул Каирбековна

Таяуда оңтүстік астанада математика саласы бойынша бастауыш және орта сынып оқушылары арасында кіл мықтылар анықталды. Жаз айларында бастау алған Qalan республикалық олимпиадасында еліміздің түкпір-түкпірінен 30 мыңнан аса оқушы бақ сынады. Кезеңдер барысында үздік деп іріктеліп алынған балалар Алматы қаласында бас қосты. Математикалық олимпиада төрт кезеңнен тұрады. Оның алғашқы үш кезеңі қашықтан өткізілген.



QALAN: КІЛ ЖҮЙРІКТЕ КІМ ЖҮЙРІК?

Жарыстың жалпы жүлде қоры — 7,5 млн теңге. Оның ішінде 2-10 сынып аралығында әр сыныпқа 1-орын иегері үшін — 500 мың теңге, 2-орын — 200 мың теңге, 3-орын — 100 мың теңге көлемінде ақшалай жүлде табысталды. Сондай-ақ сайыс кезеңдерінде үздік нәтиже көрсеткен өзге де оқушыларды ынталандыру мақсатында QalanSchool онлайн мектебінде білім алуға грант берілді. Айта кетейік, математиканың үздіктерін анықтайтын білім додасы биыл алғаш рет өтті. Олимпиаданы ұйымдастырушылар орта білім беретін мектеп оқушыларының терең математикалық білімін жетілдіруді көздейді. Qalan.kz негізін қалаушы Асқар Болат елімізде математика секілді фундаменталды білім бастамаларын қаржыландыру жағы ақсап тұрғанын атап өтті. Осы мәселені қолға алу мақсатында математика олимпиадасын өткізіп, сыйлық қорына қаржы бөлуді ұйғарыпты.

— Біз гранттарды мықтылардың мықтысы алсын деген мақсатта жүлделерді толықтырып, осы олимпиаданы ұйымдастырдық. Сайыстың төртінші кезеңіне дейін жеткен 150-ге жуық оқушы бүгін Алматы қаласына келді. Бірінші кезеңде жеңіл, екінші кезеңде орташа, үшінші кезең бойынша күрделі деңгейдегі тапсырмалар берілді. Бұл олимпиаданың басты талабы — әділ өткізу. Себебі мектеп олимпиадаларының әділділігі мен ашықтығына күмәнмен қарайтындар көп. Жарыстың мақсаты — жас таланттарға өз білімін көрсетуге мүмкіндік беру, математикаға қызықтыру, шығармашылық, сыни ойлау және тез ойлану дағдыларын қалыптастыру. Грант иеленген балалар мектебімізде күрделі, логикалық, олимпиадалық есептерді үйренеді, — дейді Qalan.kz негізін қалаушы А.Болат.

Шарада Qalan өкілдері математиканы оқытудағы IT мен жасанды интеллекті



“
Ең бірінші мақсатым — жастарды ғылымға баулу. Журналдың ішінде бірнеше айдар қамтылған. Атауын «Әл-Жәбрдің атасы» деп қойдым. Мұндай атау берген себебім — алгебраның атасы Мұхаммед әл-Хорезмидің «әл-Жәбр» атты еңбегі болған. әл-Хорезми — Арал теңізінің бойында туған, әлемдік өркениетке орасан зор үлес қосқан ойшыл.

математик, академик Асқар Жұмәділлаевтың басшылығымен шыққан «әл-Жәбрдің атасы» атты журналдың тұсаукесері өтті. Журналға Ұлттық ғылым академиясы қолдау білдіріп, Qalan.kz жобасы қаржыландырды. Алғашқы саны 2 мың данамен жарық көрді. Олимпиаданың марапаттау рәсімі алдында Асқар ағамызбен сұхбат құрып, журнал жайында аз-кем ақпаратқа қанық болдық. Оның сөзінше, қазір

атасы» деп қойдым. Мұндай атау берген себебім — алгебраның атасы Мұхаммед әл-Хорезмидің «әл-Жәбр» атты еңбегі болған. әл-Хорезми — Арал теңізінің бойында туған, әлемдік өркениетке орасан зор үлес қосқан ойшыл. Иран мен Тұранға ғана емес, бүкіл әлемге ортақ тұлға. Атамыздың атын алу — біз үшін үлкен мәртебе. Сондықтан затына сай журнал шығарайық деп шештік. Журналымыз халықтық дүние болсын. Ғылым мен білімді дамытуға бар жігерімізді салайық, — дейді А.Жұмәділлаев.

Қазылар алқасының қорытынды шешімімен төрт кезеңнен сүрінбей өтіп, үздік деп танылған оқушылар ақшалай жүлде қорымен марапатталды. 30 мыңнан аса оқушының арасынан суырылып шыққан жүйріктердің бірі — Серік Асылмұрат. Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы (NIS IB) математикалық олимпиаданың 6-сынып оқушылары арасында өткен сайыста 1-орын иегері атанды. Жас өренді бағындырған белесімен құттықтап, әңгімемізге тарттық.

— Алғашқыда бірінші, екінші кезеңдер бойынша 1-орын алып, үшінші сатыда да жақсы көрсеткішке қол жеткіздім. Төртінші кезең өзгелерге қарағанда күрделірек болды. Мұнда жеті есеп берілді. Жетеуі де ашық сұрақтар. Біз сол сұрақтардың жауабын тауып, толық шешімін жазуымыз керек. Бұл олимпиаданың өтетіні жайлы маған анам айтты. Өзіме сенімді болдым. Осы уақытқа дейін біршама олимпиадаларға қатыстым. Математика саласына жастайымнан қызығып өстім. Себебі менің әкем мен ағаларым да осы салаға бейімделген, — дейді олимпиада жеңімпазы С. Асылмұрат.

Qalan.kz — математиканы IT және педагогиканың көмегімен оқытатын онлайн-тренажер. Математиканы қашықтан оқыту бойынша нарық көшбасшысына айналған жоба. Платформада 324 мыңнан астам қолданушы болса, оның 12 мыңға жуығы персоналды оқыту әдісімен білім алуда. 2022 жылы платформадағы есептер орыс тіліне аударылып, ТМД аясында сатыла бастады. Ұйымдастырушылардың сөзінше, биыл Ресей, Татарстан, Башқұртстан, Өзбекстан мемлекеттерінен порталға қызығушылар саны артқан. Сондай-ақ мұндай шаралар — әлемдік додаларға шығуға дайындалатын алаң құруға мүмкіндік береді. Платформа негізін қалаушылар балалардың зияткерлігін дамытуға күш салатын осынау жобаны халықаралық олимпиадаға айналдыруды жоспарлап отыр.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы
Суреттерді түсірген: Максим Морозов

БАС ХАТШЫНЫҢ КЕҢЕСШІСІ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Түркі мәдениетін және өнерін дамыту ұйымының (ТҮРКСОЙ) Бас хатшысы Сұлтан Раевтың Қазақстан бойынша кеңесшісі болып Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәрімбек ҚҰРМАНӨЛИЕВ тағайындалды. Академик бұл қызметті қоғамдық негізде атқаратын болады.

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының басты мақсаттарының қатарында — түркі тілінде сөйлейтін халықтар мен елдердің арасында достық қатынастар құрып, ортақ түркі мәдениетін, тілін, тарихын, өнерін, әдет-дәстүрлерін зерттеп, жалпыға жария ету, дамыту, сақтау, болашақ ұрпақтарға мұра ету, баянды қылу мен Түркі дүниесінде ортақ бір тіл мен әліпби қолданылуы үшін тиісті орта және жағдай қалыптастыру қарастырылған. Сондай-ақ Түркі дүниесі халықтарының ортақ өткенінің, тарихының, тілі мен әдебиетінің, мәдениеті мен өнерінің біртұтас күйінде ғылыми зерттеулерін күшейту мақсаттары көзделген.

Осынау мақсат-міндеттерді жүзеге асыру үшін ТҮРКСОЙ-ға мүше әрбір елден Бас хатшының кеңесшілерін тағайындауға шешім қабылданғаны белгілі болды.

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының Бас хатшысы Астанада ұйымдастырылған іс-шара аясында Кәрімбек Арыстанбекұлын қабылдап, оған ғылыми жұртшылықты халықаралық ұйым жұмысына жұмылдырып, Түркі дүниесіне ортақ құндылықтарды зерттеу ісін үйлестіру,



ортақ әліпби қолдану туралы тілші-ғалымдармен бірлесіп ұсыныс енгізу, ұлттық мәдени мұралар арқылы Түркі дүниесін интеграциялау бойынша ғылыми конференциялар мен "дөңгелек үстел" отырыстарын өткізуге атсалысу, сондай-ақ халықаралық ұйым өткізетін іс-шараларға белсенді қатысу сияқты міндеттер жүктелді.

Еліміздің көрнекті ғалымы жаңа қызметінде де табысты боларына сенім мол.

ТЕҢРАНДА КӨРСЕТІЛГЕН ТҮЫНДЫ



Тегранда өткен мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың НОМАМ атты III халықаралық фестивалінде аяғымен сурет салатын, тігін және кесте тігетін Анар Бексұлтанның туындылары көрерменге жол тартты.

Иранның Parstoday ақпарат агенттігі хабарлауынша, шарада мүмкіндігі шектеулі қазақстандық суретшінің «Тал-бесік», «Шырақтар» және «Күннің батысы» атты шығармалары көрсетілді.

Суретші — Тараз қаласының тұрғыны. Ол — Тараздың құрметті азаматы, Жамбыл облысы мәслихатының депутаты, «Шебер шаңырақ» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің директоры, «Әдемі қыз жасауы» атты шеберханасы бар кәсіпкер.

ЖҰҚАЕВ ТАРИХИ ЖЕҢІСКЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

Әлемдік рейтингте 247-орында тұрған қазақстандық теннисші Бейбіт Жұқаев Шарлотсвиллдегі (АҚШ) «Челленджер» турнирінде топ жарды. Ол бұл санаттағы жарыста алғаш рет жеңімпаз атанып отыр.

Отандасымыз финалда америкалық теннисші Эйдан Майоны 6:3 және 6:4 есебімен ұтты. Ойын 1 сағат 16 минутқа созылып, Бейбіт 11 эйс жасады.

Осылайша, ол кәсіби теннисшілер қауымдастығының (АТР) жеке лей және жұптық сында жаңартылған әлемдік рейтингінде 247-ден бірден 52 сатыға жоғарылап, әлемнің 195-ші, Қазақстанның екінші ракеткасы атанды. Ал

Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик 33-тен 32-ге көтерілді. Михаил Кукушкин 213-те қалса, Тимофей Скатов 211-ден 216-ға, Денис Евсеев 238-ден 239-ға сырғыды.

Әдеттегідей бұл жолы да Новак Джокович көш бастады. Испаниялық Карлос Алькарас екінші, ресейлік Даниил Медведев үшінші орында тұр.



Айта кетейік, 23 жастағы Бейбіт Жұқаев «Челленджер» жарысындағы жеңістігі үшін 10 840 АҚШ доллары көлемінде сыйақы мен 75 рейтингтік ұпай иеленді.



Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4372
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114